

T00066 15.12.200

**Мектеп жасына дейінгі баланың қоршаған
орта арқылы тілін дамыту**

ЖҰРҚАБАЕВА ЖАЗИРА КОПБАЙҚЫЗЫ

*Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Алғабас ауылы
КМҚК «Балауса» бөбекжай-бақша тәрбиешісі*

Қоршаған ортамен таныстыру бойынша балалар өзінің аты-жөнін, жасын, жанұясын, балабақшадағы тәрбиешілермен топтағы балалардың аты-жөнін дерін тани бастайды. Балабақшаның ішкі құрылысымен таныстырылып, топ бөлме, асхана, дәрігер бөлмесі, т.б айырмашылықтарын ажырата бастайды. Сонымен қатар әр бөлмеде жұмыс түрін, қажетті құралдарды, олардың аты, не үшін қажет, неден жасағаны, қайда, кімде, қандай, кім не істейді сұрақтарына дұрыс жауап беруге балабақшада өздері немен шұғылданатыны туралы әңгімелейді.

Балалар әсіресе ұлдар жағы қызығы көлік түрлерін, яғни ұшақ, поезд, жеңіл, жүк машина және әртүрлі көліктер түрлерінің міндеттерін жақсы біледі. Балалар бос уақытында жүк машинасымен ойнағанды жақсы көреді.

Қоршаған орта мен тәрбие жұмыстарының түрлері:
Мектепке дейінгі кезеңде бала қоршаған ортаны танып біледі. Баланың табиғатты танып білуге деген қызығушылығын оята отырып, тәрбиеші оны табиғатпен таныстырып қана қоймай, оны түсінуге, өсімдіктер мен құстарды қамқорлауға, табиғаттың сұлулығын сезіне білуге үйретеді.

Қарапайым экологиялық түсініктерді меңгерту баланың қоршаған орта нысандарына танымдық қызығушылығын арттырумен тығыз байланысты болып табылады. Баланың танымдық дамуы ойын барысында, табиғи нысандар мен құбылыстарға бақылау жасау, заттарды қарап, зерттеу кезінде, табиғат пен табиғат күнтізбесіндегі ауа-райы жағдайына бақылау нәтижелерін айта білу, еңбек және басқа да әрекеттер барысында жүзеге асады.

Мектепке дейінгі балалық шақ кезеңінде баланың танымдық дамуы эмоционалдық қызығушылықпен қабылдайтын қарым-қатынастар арқылы қалыптасады. Әрбір жеке бала - қоршаған ортаны кішкентай зерттеуші. Бала белсенді әрекеттерге талпынады. Сондықтан да серуне арқылы бақылау мен зерттеу сияқты әдістер балаға неғұрлым жақын болып табылады. Серуен: тәрбиешінің көмегімен атқарылатын іс-әрекет. Серуен барысында балалардың табиғатқа қызығушылықтарын арттыра отырып, бақылыу жұмыстарын өткізу.

Біріншіден, арнайы бағдарлама пайдалану оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау

кезінде жеңілдік туғызса, екіншіден, бақылауды жүргізуге қойылатын талаптар сақталады. Балалардың танымдық құзіреттілікті меңгеруі, бақылау нәтижесі тәрбиешінің қолданатын әдіс-тәсілдері мен бақылауды ұйымдастыруына тікелей байланысты болып келеді.

Баланың жан-жақты дамуы, оның қоршаған ортамен белсенді қарым-қатынасы негізінде қалыптасады. Бұл тұрғыда «Сезіну-танып білу- жүзеге асыру» - осы үш бағытта жұмысты ұйымдастыру қажет. Ол үшін тиімді әдіс-тәсілдерді таңдап алудың маңызы зор.

Табиғи нысанды қабылдау, зерттеу баланы шаршатпауы тиіс. Бала бақылауды жақсы көңіл-күймен бастап, сондай жақсы әсермен аяқталуы тиіс.

Бақылау барысында баланың зейінін шоғырландырып, назарын аудару. Серуен кезінде әр түрлі ойындар арқылы жаңа ойын технологияларын әдіс-тәсілдердің қолдану қажет. Серуен барысында тек бақылап қана қоймай, еңбек шараларын қатар жүргізіп отыру керек. Серуенде ағаштарды, гүлдер мен шөптерді ажыратуға, оларға қамқорлықпен қарауға көңіл аудару керек. Еңбек барысында- ойын әрекеті арқылы балалардың қызығушылықтарын дамыту қажет. Бала серуен барысында (еңбек, бақылау, ойын) - әрекеттері арқылы, не үйренді, неге қызығушылықтарының артқанын сұрай отырып, қортынды жасау.

Бақылауға дайындық және оны ұйымдастыру.

Сонымен, аталған талаптарға сай бақылауды өткізу тәрбиешінің арнайы дайындығы болған жағдайда жүзеге асады. Дайындық келесі жұмыстардан тұрады:

- Бақылау мазмұны және ұйымдастыру.
- Бақылауды өткізу орны және уақыты.
- Бақылаудың әр бөлімінде пайдаланатын әдіс-тәсілдері болады.
- Бақылау барысында шешілетін міндеттердің де маңызы зор.
- Балаларды топырақпен және оның қасиеттерімен таныстыру;
- Ылғалды және құрғақ топырақты ажырата білуге үйрету;
- Тастардың әр түрлі болатынына назар аудару және оны топырақпен салыстыру;
- Балаларды екі табиғи компонент: саз бен топырақты ажыратуға үйрету;
- Топырақтың қасиеттерін атап айтуға үйрету;

Әр бақылаудың өз мазмұны, мақсаты бар, басқаларын қайталамайды, бірақ бір-бірімен байланысты болып келеді. Айналадағы әлемді ойын, еңбек, серуен, тәрбиешімен, ересектермен, құрдастарымен қарым - қатынас кезінде танып біледі. Сондай-ақ 3-4 жастағы балалар заттарды түсіне, түріне, көлеміне қарап ажырата бастап, олардың құрылысын, пайдалану тәсілдерін білгісі келеді. Күнделікті өмір барысында бала шындық дүниенің құбылыстары мен заттарын анықтай білуге, адам баласының жинақтаған бай тәжірибесін үйренуге талаптанады және тілі дами түседі. Балалардың бір

нәрсені құмартып білуге талаптануын таным ынтасы дейді. Балалар өте байқағыш, еліктегіш, әр нәрсеге үңіле қарайды, көп нәрселер оларды ойлантады. Ойларын айтып жеткізгісі келеді. Сондықтан ересек адамдар бала сұрағын жауапсыз қалдырмауға тырысқан жөн. Себебі сұрағына жауап ала алмаған бала келешекте сұрақ қоюдан жасқаншақтайды және бұл баланың дүниені тануына кері әсер етуі мүмкін.

Балалар әдетте өзіне түсініксіз оқиғалардың, құбылыстардың сырын білуге құмартады. Күн сайын олардың алдында жаңа сұрақтар туады. Сол сұрақтың жауабын олар ересектерден күтеді, өйткені, олардың түсінігінше, ересектердің білмейтіні болмайды. Мұндай ерекше сұрақтар балалардың ақыл – ой еңбегімен шұғылданудағы ниетін, ықыласын сипаттайды. Мектепке дейінгі жас- естің және тілдің қарқынды даму жасы.

Тәрбиеші-педагог баланы ертеңгі болашағына дұрыс көз қараспен қарай отырып, баланың мінез құлқын сана – сезімнің тілінің жетілу дәрежесін, таным үрдістеріні (түйсігі, қабылдауы, ес, ойлау, сөйлеу, зейінінің) дұрыс бағытта қалыптасып дамуын қадағалап, әрі дұрыс бағдар беру керек. Балалардың тілдерінің дамуы, байланыстырып сөйлеу дағдылары - (зейін, қабылдау, есту, ойлау, есте сақтау)- қабілеттерін қалыптастыру болып табылады.

Зейін дегеніміз- сананың қандай да болса да бір затқа, құбылысқа немесе іс-әрекетке шоғырлануы.

Ойлау дегеніміз- фактілер мен құбылыстарды дерексіздендіру, қорыту, жанама түрде жүргізу, байланыстарын белгілеу және олардың арасындағы қатынастарды анықтау арқылы қол жететін таным процесі

Ес дегеніміз- есте сақтау және оны кейін жаңғырту болып табылады.

Балалардың ақыл-ойын, санасын дамыта отырып өздігінен жұмыс істей білуіне ерекше көңіл бөлеміз. Ақыл – ойдың дамуымен тікелей байланысты. **«Сөз**

ойдың көрінісі: ой бұлдыр болса, сөз де бұлдыр» деп В.Г.Белинский айтқандай, тіл-ойдың сыртқы көрінісі.

Ой дамыту – тіл дамытумен ұштасады. Тіл дамытудың тиімді құралдарының бірі- жаңылпаш, жұмбақ айтқызып, оның шешімін табу. Себебі бұлар баланың дүниетанымын, түсінігін, болжағыштығын, ұғымын кеңейтуде және тілін ұстартып, ойын дамытуда маңызды рөл атқарады. Баланың тілін шыңдай түсіп, асықпай, жатық еркін сөйлеуіне көмектеседі. Жаңылтпаштар балаға затты аңғаруға, ой-өрісін дамытуға игі әсерін тигізеді. Балаға жаңылтпаш үйретіп, оны айтқызу сөзді дұрыс сөйлеуге әдеттендіреді, кейбір тілі келмейтін дыбыстарды анық айтуға жаттығады. Жұмбақтарда аталған нәрсенің сипат белгілеріне қарап, балалар олардың шешімін табады. Балаларды тез ойлауға, шапшаң жауап беруге, алғырлыққа, тапқырлыққа үйретеді.

Тіл дамытудың басқа түрлері сияқты сөздік жұмысы оқу-тәрбие жұмысының барлық саласында жүргізіледі. Балалар сөзді ұғу арқылы сөйлеу.

T00067 15.12.2020

**Жаңартылған білім беру жүйесі негізінде
қазақ тілдеріне көптілділікті енгізу жолдары**

ТАЖИМБЕТОВА МОЛДИР КАРАСАЕВНА
Қызылорда облысы, Арал ауданы, Аралқұм ауылы
№ 61 ОМ. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

*«Сабақ беру жай ғана шеберлік емес,
ол – жаңадан жаңаны табатын өнер»*
Ж.Аймауытов

Қазіргі жаһандану заманында біздің алдымызда, яғни ұстаздардың алдында жас ұрпақты болашақ өмірге және еңбек етуге тиісті деңгейде даярлап, оқушының бойында ХХІ ғасыр дағдылары деген жалпылама атауға ие болған дағдыларды қалыптастыру міндеті тұр.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының жарыққа шығуы да бекер емес. Оқу мен жаңашылдық дағдылары күн сайын күрделеніп жатқан ХХІ ғасырда өмір сүріп, еңбек етуге дайын оқушыны жан-жақты шығармашылық, сын тұрғысынан ойлау, қарым-қатынас және бірлесіп әрекет ету мәселесіне назар аудару маңызды.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабағын жаңашыл үрдіспен өткізу, оқушылардың білім сапасын арттырып, олардың шығармашылық және ойлау қабілеттерін дамытып отырады, ал педагогтар үшін кәсіби шеберліктерінің өсуіне жәрдемдеседі. Оқытудың жаңа технологиялық әдістерін пайдалана отырып, өздіктерінен ойлана алатын, ізденгіш, шығармашылықпен жұмыс істейтін тұлғаны тәрбиелеу.

Көптілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік. Бала бойындағы қажеттілікті тудыру үшін бірінші міндет үш тілді меңгертіп үйрету керек. Қазақстанда білім саласында қазақ, орыс, ағылшын тілдері оқу тілі ретінде және пән ретінде де қолданылады.

Өз іс-тәжірибемде оқушылардың интеллектуалдық қабілетіне түрткі болатын ойын технологиясын қолдана отырып сабақты үш тілде жүргізудің тиімділігі зор. Өнімді нәтиже беріп жүрген іскерлік ойындары: «Полиглот», «Кім тапқыр?», «Үздік тілші», «Кел, сайысайық!», «Тілдер сөйлейді» сынды тағы басқа ойындарды өткізудің үштілді меңгертудегі маңызы айрықша.

Оқушыларды ойната отырып, үш тілде жүргізілген сөзжұмбақтар, анаграммалар олардың коммуникативтік құзыреттіліктері мен функционалдық сауаттылықтарын арттыруға негіз болды. Шығармашылық жұмыстарға жетелейтін тапсырмаларды да оқушылар қызыға орындап, еркін аударма жұмыстарын жасауға дағдыланды.

«Сәлемдесу - сөздің басы» деп дана халқымыз айтқандай сабақ басталған сәттен бастап мұғалім оқушылармен үш тілде амандасу арқылы оқушының қызығушылығы артады.

Қазақ тілі сабақтарында мақал-мәтелдерді үш тілде үйрену оқушының ой-өрісі мен сөйлеу мәдениетінің көркемдік дәрежесін арттыруға көмектеседі, тілін байытып, ақыл-ой деңгейін кеңейтіп жүйеге түсіреді. Оқушылар үш тілде мақал-мәтелдерді қызығып, зор ынтамен жаттап үйренеді.

Мақал-мәтелдерді үйрену барысында сабақта «Ғажайып қоржын» ойынын ұйымдастыруға болады. Қоржынға салынған асықтар нөмірленіп, билеттер жасалынады да, қолға іліккен нөмірге билет бойынша жауап қайтарылады.

1. A good name is better than riches – Доброе слова лучше богатства – Жақсы сөз – жарым ырыс.

2. East or west home is best – В гостях хорошо, дома лучше - Өз үйім өлең төсегім.

Мақалдарды бірнеше тілде білу сабақ барысында өзімізге де, оқушыға да пайдалы. Олар да түрлі тарихи жағдайда құрылған, бірақ сонда да халықтың арманын, мақсатын көрсетеді. Белгілі бір ойдың әр түрлі халықтардың, яғни әр түрлі тілдегі қалай айтылатындығын есту қызықты. Сондықтан қандай тілде болсын мақал-мәтелдерді оқып, үйрену керек. Өйткені тіл өзгерсе де, сөз өзгерсе де мақалдың түпкі мағынасы, айтайын деген ойы өзгермейді. Бірақ ең алдымен өз тілі әркім өз халқының рухани байлығын білу керек. Бұл мақалдарды ағылшын тілінде ғана емес, қазақ, орыс тілі пәндерінде көптеген құрал ретінде пайдалануға болады.

5-сыныптарға мақал-мәтелдегі түсіп қалған сөздердің орысша, ағылшынша баламаларын табыңыздар деген тапсырма беруге болады.

1. Ас атасы - ... (нан, ,)

2. Өнер алды - қызыл ... (тіл,,)

3. Отан - ... басталады. (отбасы,,)

4. Сабыр түбі сары ... (алтын,,)

5. Баланың бас ұстазы - ... (ата-ана,,)

6. Отырған ... орын табар (қыз,,)

7. Сөз тапқанға қолқа ... (жоқ,,)

8. ... көпті жау алмас. (дос,,)

9. Таумен тасты ... бұзар (су,,)

10. Кітап - ғалым, тілсіз ... (мұғалім,,)

6-сыныптың қазақ тілі сабағында тақырып бойынша оқушының сөздік қорын кеңейту мақсатында лексикалық тақырыптар, материалдар қолдану арқылы: үш тілде аудармасын келтіруге болады немесе қазақша айтып орысша, ағылшынша оқушылар өздері айтуға да болады.

Kazakhstan

English Kazakh Russian

Country Ел Страна

Capital Астана Столица

Language Тіл Язык

Rivers өзендер Реки

Lakes Көлдер Озера

National anthem Ұлттық гимн Гимн

State emblem Ұлттық елтаңба Герб

Independent Тәуелсіз Независимость

Climate климат климат

Лексикалық тақырыптарды да үш тілде айтуға да болады, мысалы, Астана-Astana-Астана. Астана жайлы не білесіз, кестені толтырып, үш тілде жазып беріңіз деген тапсырма орындатуға болады.

№ Theme Тақырып

- Мәдениеті
- Қызықты жерлер
- Дәстүрі
- Ірі қала

«Полиглот» ойынын ойнату арқылы да оқушы сөздерді үш тілде айтады.

Жасырылған сөздерді тауып ағылшын, орыс және қазақ тілдерінде аудармасын айтуға болады.

1.The-----of the country is Astana. (capital - астана-столица)

2.Kazakh is the state -----of the country.(language-тіл-язык)

3.The -----of the country is strongly continental. (climate-климат-климат)

«Мен саған, сен маған» ойыны да үш тілді меңгеруге ерекше. Ойынды доппен өткізуге болады. Допты кез келген ойыншыға лақтыруға болады. Ойынды бастаушы өткен тақырыпқа байланысты тірек сөздерді атай бастайды, ал оқушылар сол сөздердің аудармасын үш тілде айтулары керек. Мысалы: 5 спорттың түрі, 5 мамандықтың түрі, 5 оқу құралдары, 5 жануарлардың аттары.

Үш тілде оқып үйренудің нәтижесінде қабілетті оқушы ретінде неге қол жеткіземіз?

1. Үш тілде әңгімелер құрастыра алады;
2. Өз бетінше әңгімелер, рефераттар жаза алады;
3. Пәнге деген қызығушылығы артады;
4. Өз бетімен білім алуына мүмкіндік беріледі;
5. Қиын грамматиканы оңай, әрі қызықты етіп түсінуге болады;

6. Оқуға белсенділігі арта түсті;
7. Материалды оңай меңгеруге түрткі болады;
8. Сыныптастарымен бірігіп жұмыс жасауға мүмкіндік туады;
9. Ағылшын, орыс, қазақ тілдерінің өмірге керек екеніне көзі жетеді;
10. Үш тілде жазуға, сөйлеуге, ізденуге, қызығуға үйренеді.

Өскелең ұрпақтың үш тілді: қазақ тілін – мемлекеттік тіл, орыс тілін ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілін халықаралық тіл ретінде оқып үйренуге ұмтылыс жасауы — заман талабы, болашақ ұрпаққа қажеттіліктен туындап отыр.

Бүгінгі жас ұрпақты елдің эконотмикасын өркендететін, білім алуда өз бетінше әрекет ете алатын, қоршаған ортасын құрметтейтін тұлға етіп қалыптасыру болашақтың талабы болып отыр. Сондықтан да білім берудегі бүгінгі бетбұрыстың үлкен мәні бар. Олай болса, жаңарған Қазақстанға– жаңаша білім беру үрдісін жетілдіретін, қиындығы мен қызығы мол жұмыста барша қазақстандық ұстаздарға табыстар тілеймін!

T00068 15.12.2020

Бала денсаулығы біздің қолымызда

ЖАҢДАРБЕКОВА ҮМІТГҮЛ НАСІРИТДИНҚЫЗЫ
Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Алғабас ауылы
КМҚК «Балауса» бөбекжай-бақша. Медбикесі

Әр бір ата-ана өзінің баласының денінің сау болғанын қалайды. Өкінішке орай әр ата-ана балаларға қажетті салауатты өмір салтын ұстанудың негізгі қағидаларын ұмытып кетеді. Бұл қағидаларды ұстану бала денсаулығы үшін, әсіресе мектеп жасындағы бала денсаулығының дамуына өте қажет. Баланың салауатты даму қағидалары болып табылады: таза ауа, күн сәулесі, физикалық белсенділік, қажетті мөлшерде тынығу, барлық нәрсенің мөлшерінде болуы, пайдалы әрі дұрыс тамақтану, таза су, жеке бас гигиеналық тазалығы мен бойын түзу ұстай білу.

Ауа

Жаңа дамып келе жатқан жас баланың ағзасына таза ауаның үздіксіз кіруінің қамтамасыз етілуі өте маңызды. Жаңадан өмірге келген нәрестенің ең бірінші үйренетіні – тыныс алу. Ауа нәресте үшін «өмір» болып табылады. Балалар күнделікті қажетті мөлшерде таза ауада ойнап серуендеуі қажет. Таза ауа баланың тәбетін ашып, қан айналымын жақсартады, ұйқысын реттейді және науқас балалардың тезірек жазылуына септігін тигізеді. Баланың жалпы көңіл күйі мен жалпы жағдайы таза ауаға байланысты. Әрбір адамның үйі таза ауаға толы болуы және үнемі таза ауамен желдетіліп отыруы керек. Жылдың жылы

маусымында ашық терезімен ұйықтаған дұрыс. Таза ауа баланың ұйқысының тыныш әрі, белсенді болуына және баланың ағзасының тынығуының қалыптасуына жақсы әсер етеді.

Күн сәулесі

Күн сәулесі жер бетіне өзінің жылуы мен жарығын беріп қана қоймай, сонымен қатар ағзадағы көп мөлшердегі зиянды микроорганизмдерді жояды. Күннің ультракүлгін сәулелері терінің белгілі химиялық құрамына (стероидтар), теріге пайдалы D витаминіне айналдыра отырып әсер етеді. Күн сәулесі – адам ағзасы қоректенетін және оған қажетті энергия беретін қайнар көз болып табылады. Күн сәулесі біздің айналамыздың бәрін жылытып нәр береді. Біздің балаларымыздың келбетінің шырайын келтіреді. Тіпті сырқаттанып қалған балаға да күн сәулесі өзінің пайдасын тигізе алады. Күн сәулесінің бөлмеге өзінің жарығы мен жылуын түсіріп тұруы үшін, тұрғын үйлердің терезе шымылдық тарының үнемі ашық болғаны абзал. Себебі оның жылуы мен жарығы бала денсаулығы үшін өте қажет.

Физикалық белсенділік

Бір сәтке Сіз қолыңызды немесе аяғыңызды сындырып алдыңыз дейік. Бұл жағдайда сіздің сынған жеріңізге гипс салып, сүйек орнына қалыптасқанша 6-8 апта күту қажет. Гипсті шешу кезінде сынған жердің әлсіреп, қозғалу мүмкіндігі шектелгенін байқасыз. Гипспен бекітілген буын үйреншікті амплитудада қозғала алмай, аурсынады. Бұл бір ғана мысал, егер біз ағзаға қажетті физикалық қозғалысты қамтамасыз етпесек. Дененің барлығы және әр мүшесі осының нәтижесінде жапа шегеді. Физикалық жаттығуларды үнемі жасау бала денсаулығын нығайтады. Сонымен қатар физикалық жаттығулар — аданмың тынығуы мен жеңілдену, баланың ойлау ауыртпашылығын жеңілдетіп, ойлау қабілетін арттырады, көңіл күйін көтереді. Ағзаның барлық мүшелері физикалық белсенділіктің оң көрсеткішін сезінеді, ағза ауыру сырқауға қабілеттілігінен арылады.

Ескеру. Балаға белгілі бір қозғалыс күшінде және тамақтанғаннан кейін физикалық жаттығулармен айналысу қажет.

Тынығу

Қазіргі замандағы күйбең тіршілікте балалар мен ересек адамдар физикалық және ойлау салмағының ауырпашылығына тап болады. Оған балалардың мектепте ұзақ уақыт болуы, үй тапсырмаларының көптігі, компьютерлік ойындар, кеш ұйқыға жату және т.б. себеп болады. Демалып күш жинаудың ең бір жақсы тәсілі тыныш әрі әдемі жерде уақыт өткізу. Мүмкін болса қала сыртында, табиғат аясында демалған дұрыс. Дұрыс тынығудың тағы түрлері болып кітап оқу, отбасымен тамақтану және таза ауада серуендеу болып табылады.

Сабырлылық және дұрыс тамақтану.

Күнделікті тамақ құрамы ағзаға қажетті заттар құрамдас болуы тиіс. Яғни, ас мәзірінің құрамы ағзаға қажетті заттарға толы болуы қажет. Бұл тамақтану рационының әр түрлі азық түліктен тұру керектігін білдіреді. Мөлшерден көп тамақтану баланың ағзасына кері әсет тигізеді. Бұл таңғы ас, түскі ас немесе кешкі ас кезінде тазартылған қант құрамы көп тамақтарды мөлшерден тыс қолдану себебінен болады. Егер бала көп тамақтанып қойса, ағза артық калорияны шығара алмай қалады. Осының салдарынан бала уақыт өте салмақ қосып, артық салмақтан зардап шегеді. Тіпті пайдалы азықты пайдалануда да ұстамдылық таныту қажет. Сонымен қатар тамақтану уақытының тәртібін сақтау да өте маңызды. Негізгі тамақтану уақыты арасында тамақ жеу асқазанның жұмысын ауырлатады және қажетті тынығуына мүмкіндік бермейді. Салдарынан асқазан ішек құрылысының дұрыс жұмыс істеуінің бұзылуына әкеліп соғады. Оның арты әртүрлі ауруларға әкеліп соғады.

Баланың тамақтану ас құрамынан тазартылған қант құрамын азайтып оның орына көмірсутекті нан және картоп қосқан дұрыс. Ғалымдармен жер бетіндегі ұзақ өмір сүретін адамдар орналасқан жерлерге зерттеу жасалып, олардың тәтті және майлы тамақтарды аз ішетіндігі туралы мәлім болды. Дұрыс реттелген тамақтану құрамы азық түліктің қажетті заттарының дұрыс алынған көлемінен тұрады. Дұрыс құралыған таңғы ас — сіздің балаларыңыздың дұрыс тамақтануының құрамы. Таңертеңгі асқа ақуыз құрамды бір мөлшерлі, көкөніс бір мөлшерлі, жарма бір мөлшерлі және нан болғаны дұрыс. Бәрінен де тамақтанудың уақытын белгілеп ағзаны соған үйреткен дұрыс. Осы арқылы біздің асқазанымыз демалуға мүмкіндік алады. Жақсы ішілген таңғы ас және жеңіл кешкі ас біздің дене салмағымызды реттейді.

Су

Су керісінше — өте пайдалы және оны қажетті мөлшерде үнемі пайдаланған дұрыс. Ол ағзадағы әр түрлі орган клеткаларының жабдықталуына және қажетті зат алмасу жүйесін реттеп, түрлі шлактардың шығуына әсер етеді. 12 жастан жоғары балалар күнделікті 6 стакан су ішу керек. Ағзаның аталған қызметтерді орындауға қажетті минимум. Тамақтанар алдында және тамақтанып болған соң жарты сағат уақыттан кейін су ішу қажет. Тамақтану кезінде суды көп мөлшерде ішу, асқазанның тамақты қорытуға кедергі жасайды. Асқазанның тамақты қорытуы су мөлшерінің азайуынан кейін ғана жақсарады.

Тазалық және гигиена

Терінің үстіңгі қабатында орын алған ұсақ тесіктері арқылы тері демалады. Сол себепті олардың үнемі таза болуы шарт. Бұл бөліп шығаратын ағзалардың дұрыс қызмет етуіне әсер етеді. Жүгіріп немесе ойнап болғаннан кейін біз үнемі денеде қалыптасқан тер мен кірді кетіру үшін, суға түсу қажеттілігін сезінеміз. Суға түскеннен кейін біздің теріміз тыныстап, қалпына келеді. Өзімізді таза киімде жеңіл әрі жақсы сезінеміз.

Күнделікті суға түсу ересектерге ғана емес, балаларға да қажет. Балалның бойын таза ұстауға бейімделуі денсаулығына және оны қоршаған ортаға да жақсы әсер қалдырады. Егер тері қажетті қалыпта қызмет етпесе бөліп шығару органдарының қызметінің төмендеуімен жалпы ағзаның жұмыс істеу балансын зақымдайды.

Жылы суға толтырылған ванна баланың жүйке жүйесін, әсіресе көп сабақтан кейін тыныштандырады. Қан айналымын жақсартып, буын қызметі мен мидің жұмысын жақсартады. Ұрыс жан-жал және жөнсіздік баланың дұрыс өсуіне кедергі келтіреді. Тазалық, тәртіп және ұйымдасқандық баланың өмір сүру ағымын жақсартады. Әсіресе мекетеп жасындағы баланың сабырлы әрі оқу процесінің жақсаруына ықпал етеді. Үйдің ішіне шаңсорғышпен және сулы тазалық жұмыстары жүргізілгеннен кейін, біз өзімізді сергек әрі жақсы сезінеміз. Ауыру түрлері мен әртүрлі жұқпалар ретсіздік пен ластықтың нәтижесінде болады. Күннің көзі және бөлмені желдету, әсіресе ұйықтау бөлмесі мен асүйде — денсаулықты дұрыс күтудің факторы болып табылады. Сонымен қатар тамақ әзірлеу кезінде асүйдің іші алдын-ала таза болғаны дұрыс.

Бойды түзу ұстау.

Баланы жас күнінен бастап бойын тік ұстауды әдет қылуға үйрету қажет. Бала күннен бастап арқаны тік ұстаса, өмірінің соңына дейін әдетке айналады. Баланың бойының түзу қалыптасуы оның тұлғасының сырт көзге жағымды әсер және жақсы тәрбиелілігін көрсетуге ықпал етеді. Сонымен қатар ол бала денсаулығына әсер етеді. Дұрыс отырмаған баланың кеуде қуысына ауа дұрыс кірмейді. Егер өкпеге таза ауа қажетті мөлшерде кірмесе, ағзаның қан айналымы, барлық жұмыс істеу жүйесі әлсіреп, зат алмасу процесі нашарлайды.

Ата-ананың ең басты міндеттерінің бірі баланың бойын тік ұстап, тұлғалығының түзу қалыптасуын қадағалау. Үнемі балаға басын тік ұстап, иық, арқа тұсын тік ұстап, іш жағын тартып, кеуде тұсын тіктеуді үйретіңіз. Осыдан кейін баланың өзі өсе келе бой тұлғасы мен жүріс-тұрысының сымбатына көзі жетеді.

T00069

15.12.2020

«Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы»

НҰРМЫШЕВА ҚАРЛЫҒАШ СЕРІКҚЫЗЫ

Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Алғабас ауылы
КМҚК «Балауса» бөбекжай-бақша тәрбиешісі

*Баланы бұзуға, түзеуге себеп болатын
бір шарт-жас күнде көрген өнеге.
Жүсіпбек Аймауытов*

Отбасының балаға тәрбие берушілік қызметтінің мақсаты - балаланың жасын, жеке ерекшелігін, психологиялық процестерін ескере отырып, жарасымды жетілген ұрпақты тәрбиелеу. Көздеген мақсатқа жету үшін отбасындағы тәрбие төмендегі міндеттерді шешеді.

1. Отбасында баланың өсуіне, денсаулығына қамқорлық жасау, тазалықты қалыптастыру;
2. еңбексүйгіштікке баулу, тұрмыстағы, үй шаруасындағы еңбекке құлшынысын арттыру; өзіне - өзі қызмет етуге үйрету;
3. Отбасы мүшелерімен тіл табысып, дұрыс қарым - қатынас жасауға; үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге үйрету;

Ата - аналар бала бақытының шынайы бағбаны болуы тиіс. Бала бақыты білімде. Білім бір құрал. Білімі көп адам құралы сай ұста сықылды, не жасаса да келістіріп жасайды», - дейді А. Байтұрсынов. Бүгінгі таңда болып жатқан өміріміздегі өзгерістерге байланысты ұстаздар мен ата аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігі арта түсуде. Балаларды оқыту мен тәрбиелеуде отбасының басым ролін мойындай отырып бірлесе жұмыс жасау керек. Әрбір ұстаз ата - аналармен қарым - қатынас жасауда түрлі тәсілдерді, қазіргі жаңа технологияларды пайдалана отырып, ата-ананың қызығушылығын арттыру мақсатында жұмыс жасаса, ата - ананың балабақшаға, тәрбиешіге деген көзқарасы өзгерер еді.

Балалық шақ – адам өміріндегі ең маңызды да, ерекше уақыт. Сондықтан осы кезді тиімді пайдалану өте маңызды. «Бала тәрбиесі – мемлекеттің маңызды міндеті» деп талай ғасыр бұрын Платон бекер айтпаса керек. Қай кезеңде болсын ұрпақ тәрбиесі бәрінен де маңызды. Міне, осы тақырып бүгінде де бізді қатты ойландырып, толғандырып отырған жайы бар. Дәл қазіргі жағдайда қандай ұрпақты тәрбиелеп жатырмыз деген сұрақ туындайды.

Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру, табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту, дұрыс тәрбие мен білім алуына жағдай жасау – ата-ананың басты парызы. Ендеше бала тәрбиесінде ұсақ-түйек дейтін ешнәрсе жоқ және сол нәрседен де қателесуге қақымыз жоқ. Бала - әр жанұяның бақыты. Олай болса, өз бақытымызды бағалай білейік.

Ата-аналар өз балаларының басты тәрбиешілері болып табылады. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» деді халық даналығы. Отбасы – бұл баланың өмір сүру ортасы: қамқорлықтың тұрақты көзі, тәрбиелеу мен қарапайым біліммен қаруландыру және шешім қабылдай білуге үйрететін ең жақын адамдардың мейірім шуағын сезетін орын. Отбасында барлығы жақсы болған жағдайды – балалар жақсы жетістіктерге жетіп, өзінің даму әлеуетіне көтеріле алады. Отбасы мен педагогикалық ынтымақтастық – баланың қанаттану деңгейі мен тәрбиешінің жұмысының сапасын арттырады.

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың түрлері мен әдістері олардың педагогикалық мәдениетін көтеруге, балабақша мен отбасының өзара ынтымақтастығына және тәрбие жұмысының әлеуетін арттыруға бағытталған.

Қазіргі заманның ата-аналарына көмек көрсету қажет, өйткені педагогика мен психология жөніндегі білімдердің болмауы қателіктерге, түсініспеушілікке демек, тәрбиенің нәтижесіздігіне әкеліп тірейді. Сондықтан да балабақша педагогтарының негізгі күштері ата-аналардың педагогикалық мәдениетінің деңгейін жоғарылатуға бағытталған. «Тәй-Тәй» технологиясының отбасыны педагогикалық ағарту бойынша жұмыс нысандарының бірі ата-аналар жиналысы болып табылады. Ол қандай болуға тиіс? Осындай жиналыстарда шаршаған ата-аналардың көңілін жандандыратын және сұхбаттардың мәнін анағұрлым жеңіл есте сақтауға жәрдемдесетін, жылы көңіл, ашық және іскер әңгіме үшін ерекше көңіл-күй жасайды.

Қорытындылай келе, қазақтың ұлы ғұламасы Әбу Насыр Әл-Фарабидің сөзімен айтсақ: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне азап әкеледі» деген. Қазақстанның дамуына үлес қосатын, әлемдік өркениетке көтерілетін білімді де мәдениетті, парасатты, денсаулығы мықты азамат тәрбиелеп шығару – қоғам, ұстаздар мен ата-аналар, мұғалімдер қауымының бүгінгі таңдағы баға жетпес міндеті.

T00070 15.12.2020

**Дидактикалық, логикалық және математикалық
ойындарды қолдану арқылы түсініктерін қалыптастыру**

МЫҚТЫБАЕВА БОТАКӨЗ СЕРІКҚЫЗЫ

*Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Алғабас ауылы
КМҚК «Балауса» бөбекжай-бақша тәрбиешісі*

Қазіргі заманға сай білім беру жүйесінің басым бағыттарындағы өзгерістер қабілетті және шығармашыл өз бетінше әрекет ететін бастамашыл өз мүмкіндігін біліп, өз ойын іске асыра алатын жеке тұлғаны қалыптастыру мәселесін мақсат етіп қойып отыр. Бұл мақсаттар мектепке дейінгі ұйымда «Таным» білім беру саласы бойынша математика оқу-іс әрекетінің маңызы зор. Бұл саланың мақсаты: жас ерекшеліктеріне сай танымдық іс-әрекет дағдыларын меңгерген, білім дағдыларын күнделікті өмірде қолдануға қабілетті, қоршаған әлемді қабылдай білетін тұлғаны қалыптастыру.

Қазіргі заман талабына сай біздің тәрбиеленушілер балабақшаның қабырғасынан интеллектуалды болып, логикалық ойлары өте жоғары болып шығу керек, сондықтан балаларды білімді жеке тұлға етіп қалыптастыру тәрбиешінің міндеті. Балалардың танымдылық қабілетін дамытып, сабаққа қызығушылығын арттырудың негізгі бір жолы –дидактикалық ойындар. Ойын үстінде балалар жаңа заттардың қолданылуын, олармен әрекет жасау түрлерін, адамдармен қарым-қатынасқа түсу жолдарын меңгереді.


Дидактикалық ойындарда балалардың алдына қандайда бір мақсаттары мен міндеттері қойылады, оларды шешу үшін назарды жұмылдыру, ерікті зейін қою, ой-күшін жұмсау, ережені ой елегінен өткізе білу, іс-әрекеттердің жүйелілігі, қиыншылықтарды жою керек болады. Олар мектеп жасына дейінгі балалардың түйсіну және қабылдау қабілетін дамытуға, ұғымдарын қалыптастыруға, білім меңгеруіне көмектеседі.

Біз мектепке дейінгі балабақшада балаларға логикалық-математикалық ойындарды пайдаланамыз. Бұл олардың қиялын дамыту үшін балалардың шығармашылық және интеллектуалдық қабілетін дамытуға, логикалық ойлауына, математикалық ұғымдарды үйренуге мүмкіндік береді деп ойлаймын. Сондықтан бүгін мақсатым математика ойындары арқылы танымдық белсенділігін дамыту, логикалық ойлау, өзін-өзі тану және рефлексиялық ұмтылысын арттыру, ақыл-ой қабілетін дамытуға ықпал ету.

Енді тәрбиеші әріптестеріме бірнеше таным саласының логикалық математикалық ойындарын ұсынамын:

- «Өрнек құрастыру» түрлі пішіндер жасау. Бұл балаларды ойлау қабілетін

дамытады және саусақ моторикасын дамытады.(санау таяқшалары арқылы неше түрлі пішінлер жасау мысалы:



- Заттарды санау «Логикалық тізбектер»
- Фигураларды орналастырайық. Бізде түрлі-түсті фигуралар бар. Түстері әр түрлі және пішіндері де және әрқайсың біз өз орнына бөлек орналастырайық. Яғни, төртбұрышты бөлек, үшбұрышты бөлек, дөңгелекті бөлек көрейік.
- Дидактикалық ойын «Математикалық қақпақтар» деп аталады.

Керекті құралдар:



Қорыта келгенде әр топтың жас ерекшелігіне қарай логикалық – математикалық ойындарды пайдалана отырып, мектепке дейінгі балалармен тәуелсіз және жеке логикалық ойлау қабілетін қарапайым математикалық ұғымдар арқылы дамытамыз. Мен балалардың логикалық-математикалық ұғымдардың өзін-өзі тану жолдарын меңгеруге көмектесеміз. Балаларды мектепке дайындау үшін дидактикалық материалдармен жұмыс істеу маңызды. Мен өз тәжірибемде дидактикалық материалдарды пайдалану үшін сіздерге ұсындым. Оның барлығы біздің қиялымызға және сіздің барлық қиялдарыңызға байланысты болуы мүмкін. Сіздерге сәттілік және шығармашылық табыс тілеймін, жұмыстарыңыз сәтті болсын.

T00071 15.12.2020

«Сауат ашу пәнінің балабақшадағы алатын орны»

ТӨЛЕГЕНОВА АЙГҮЛ АБДУЛЛАҚЫЗЫ

Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Алғабас ауылы

КМҚК «Баласа» бөбекжай-бақша тәрбиешісі

Әр заманның ұсынары бар және қалай болғанда да заман ағымынан қалмай, ілгері жүру-ұлы мұрат. Қазіргі заманда білім беру әлемдік құрылымының маңызды элементінің біріне айналды. Елімізде білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Бұл процесс білім парадигмасының өзгеруімен қатар жүреді. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімі мен дағдысы немес, оның тұлғасын білім алу арқылы дамуын қойып отыр. Қазіргі педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы.

Мектепке дейінгі педагогиканың теориялық және практикалық мақсаты біреу, ол – жас ұрпақты жан-жақты тәрбиелеу, ой-өрісін, сана-сезімін кеңейте отырып, өмірге қажетті білім-дағдыларға үйрету. Сол себепті балабақшада сауат ашу сабағы сәбидің тілін дамытуға, ауызекі дұрыс, мәдениетті сөйлеуге үйретуге, үйренгенін күнделікті өмірде пайдалана білуге басты назар аударады. Өйткені баланың айналадағы өмірді танып, білудегі басты жәрдемшісі-тіл. Ал, тілдің дамуы оның сана-сезімінің, ой-өрісінің жетіле түсуіне негіз болады.

Баланың сөйлеу тілі мен сөздік қоры молая бастаған сайын айналадағы адамдармен өзі қатарлас балалармен белсенді қарым-қатынас жасайды. Өмірде кездесетін түрлі іс-әрекет жайында білуге құмарта түседі. Өзі түсінген түрлі жайттар туралы әңгімелейтін болады. Сонымен қатар баланың айналадағы дүниеден алған әсерін әрі қарай кеңейту, бір арнаға бағыттау балабақшада өтілетін арнайы сабақ, ойын, еңбек процестеріне де байланысты. Бұл тұрғыда тәрбиеші балаға бағдарламалық материал негізінде білім беруге баса назар аудару керек. Ол үшін тәрбиеші қандай тақырыпты қай кезде, қалай, қай мақсатта, қай сабақпен байланыстыра өткізу керектігін анықтай отырып, әр сабаққа қажетті материалды, балаға қойылатын нақты сұрақтарды тиянақты жоспарлауы қажет. Себебі балабақшада жүйелі түрде ұйымдастырылатын сабақтарда балалардың алған білімдері мектептегі оқу іс-әрекетінің біршама элементтерін игерудің негізін құрайды. Мектепке даярлауда балабақшада өтілетін симметриялық формаларды салуда балалар орталық сызықты салуды, бағыттауды үйренеді. Бұл өз кезегінде, яғни 1-сыныпта бейнелеу сабақтарында негізгі сызықтан бастап вертикальді, горизонтальді, қиғашсызықтарды, симметрияның осі, заттың көрінбей тұрған бөлігін салуға үйрету болып табылады. Балабақшадағы сурет, жапсыру, мүсіндеу сабақтары мектептің

бейнелеу, еңбек сабақтарына дайындауға септігін тигізеді. Жазу мен сурет салуда баллада денесін тік ұстау дағдылары қалыптасады.

Балалардың сауатын ашу және математикалық білім беру арнайы ұйымдас-тырылған сабақтарда жүзеге асырылады. Мұндағы басты мақсат-балаларға жазу мен санауды үйретудің алғы-шарттарын қалыптастыру. Жазу келешекте бүкіл оқу үдерісі құрылатын базалық дағды. Жазуға үйрету тек мақсатты түрде ұйымдастырылған оқыту барысында жүзеге асырылады.

Сауат ашу-баланың көптеген психикалық қызметтерінің жетілуін талап ететін, күрделі ақыл-ой әрекеті. Балабақшадағы сауат ашу жүйесінде деңгейлеп дамыта оқытуда қолданылатын әдістерге интеграциялық сабақтарды да жатқызамыз.

1.Естігенді тез ой елегінен өткізіп,жылдам жауап қайтару.Мысалы:доппен ойын- «сұрақты қағып ал да, жауапты бер», «ертегіні ата» деген сияқты ойындар мен баланың ой-өрісін кеңейту.

2.Сөзге дыбыстық талдау жасау,оларды жазу,жеке әріптерді құрастыру.

3.Парақтың бетінің кеңістігінің бағдарлауды үйрету,нүктелерге қарап заттың суретін салдыру.

4.Қолдың саусақтарының қимылы мен синхронды сөйлеу.

5.Жазу жазатын құралдарды дұрыс ұстау біліктілігі үйрету. Бұл әдіс жазуға дайындалып жүрген балаға көп көмегін тигізеді.

Сонымен қатар 5-6 жастағы балаларды сауат ашуға дайындау дамына Міндеттерді қарастыру қажет.

1.Көргенді,естігенді,сезінгенді түсініп. оның мазмұнын айтып беру білігін қалыптастыру;

2.Айтылатын әңгіменің логикалық жүйесін құру білігін қалыптастыру, жоспар түзу, әңгімені неден бастайтынын анықтау, оны келсек аяқтау, бір ойдан келесі ойға бірізділік пен өту;

3.Сөйлеудің дыбыстық жағын дамыту;

4.Балаларды ауызша және схемалық жазбаша сөйлеуден сөйлемдерді анықтауға үйрету, берілген сөздерден сөйлем құрау, сөздерді буынға бөлу, балаларды сөздің дыбыстық құрылымы мен таныстыру.

Баланың мектепке дайындығын емесе дайын еместігі оның сөйлеу қабілетінің даму деңгейімен анықталады. Себебі, бала мектепте оқу барысында игеретін білім жүйесі ауызша және жазбаша сөйлеу арқылы жүзеге асырылады. Егер ауызша сөйлеуді ол мектепке дейін игерсе, ал жазбаша сөйлеуді алда үйренетін болады. Жазбаша сөйлеуді толыққанды үйрену үшін, мектепке дейінгі кезеңде баланың ауызша сөйлеу қабілеті жоғары деңгейде дамуы қажет.

Баланы оқу мен жазуға үйрету-мектептің міндеті, бірақ көптеген дағдылар мен біліктерді балабақшада үйренуі керек. Сонда ғана оның мектепке келгеннен кейін оқу мен жазуды толыққанды игеруі жеңіл болады. Ал мектепке дейінгі даярлау барысында игерген дағдыларын ол өзіне жаңа іс-әрекет барысында жүзеге асырады.

Дұрыс берілген білім баланың бойына сіңіп, тамыры тереңге бойлайды. Әр бір баланың сауатты азамат пен азаматша болуының негізі балабақшада қаланады.

Бұл сабақтың мақсаты: балаларды Ө дыбысы және әріп таңбасымен таныстырып, сөз ойлап табу, сөйлеп құрап айтуға үйрету. Балалардың сөздік қорларын молайту, ойлау қабілеттерін, дүниетанымын кеңейту, дыбысты дұрыс айтып, оның сөздегі орнын ажырату. Бұл сабақта әр-түрлі әдістерді қолдандым. Саяхатқа шығып, балалармен тапсырмаларды орындадық және дидактикалық ойындар ойнап, үлестірмелі материалдармен жұмыс жасап, жұмбақ шешіп, сергіту сәттерін жасаттым. Балалар мен тілдік жаттығулар жасап, сурет бойынша 3-4 сөздерден сөйлем құрап үйренді. Белингвалды компоненттерді қолданып жаңа сөздердерді 3 тілде айтып, олардың мағыналары туралы түсінік берілді. Дәптермен жұмыс жасалып берілген сөздерді балалар оқып, баспа әріп таңбасын дәптерлеріне жазды.

T00012 14.12.2020

**Жаңартылған білім берудегі критериалды
бағалау жүйесінің артықшылығы**

ЕРМАХАНОВА ЖАНАТ ТОКМЫРЗАКЫЗЫ
Ақтөбе облысы, Алматы ауданы, № 75 ЖББОМ
Бастауыш класс мұғалімі

Елбасымыз Н.Ә Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасында «табысты болудың ең іргелі басты факторы білім екенін әрқайсысымыз терең түсінуіміз керек... Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді», - деген. Ел ертеңі – жас ұрпақтың қолында. Ендеше, бүгінгі ұстаздар қауымына қойылатын талап та жоғары болмақ. Олар жан-жақты, әлемдегі жаңалықтардан мағлұматы бар, үнемі шығармашылық ізденістегі, кәсіби біліктілігін шыңдайтын жеке көзқарасы бар, соны қорғай білетін жігерлі тұлға, зерттеушілік қабілеті бар, білімді де білікті, көп оқитын, көп тоқитын, білімін өз тәжірибесінде шебер қолдана білетін, өзінің оқушысын өз бетінше білім алуға баулитын кәсіби маман иесі болуы керек. Бұл өмір талабы.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасына үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып, оны сын тұрғысынан ойлап, зерттеу жұмыстарын жүргізіп, тәжірибе жасап, АКТ-ны қолданып, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білетіндей, функционалды сауатты, шығармашылықпен жұмыс жасай алатындай дәрежеге жеткізу. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі.

Спиральділік қағидаты бойынша құрылған оқу бағдарламасы Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» (1960) атты еңбегінде қарастырылған танымдық теорияға негізделеді. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналасуға ынтасын оятады. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үрдісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл немесе баға қоймастан оқу үрдісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасының бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір) оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерім туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады. Критериалды бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдерде пайдаланылады. Осы мәселе аясында «Балалар ХХІ ғасырда табысты болу үшін нені оқыту керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сияқты негізгі сауалдар туындайды. Бұл сауалдар оқу бағдарламасымен және оқу бағдарламасын жүзеге асыруда пайдаланылатын педагогикалық әдістемелермен тығыз байланысты. Қарқынды жаһандану, сондай-ақ, ұлттық экономикаға да ықпал етуде және қазіргі уақытта экономикалық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған халықаралық бәсекелестік артты. Білім беру жүйесін жаңартуға арналған бұл экономикалық дәлелдерге қоса, қазіргі жиырма бірінші ғасырда басқа да негіздер бар: байланысқа бейімділікті арттыру, әлеуметтік өзгерістер, ауа райының өзгеруімен байланысты мәселелер, бүкіл әлемдегі халықтың қарқынды өсуі, заманауи әлеммен өзара табысты байланысу үшін қажетті және келешек күннің әлемімен өзара байланысу үшін қажетті дағдыларды қазіргі таңдағы мектеп жасөспірімдері талап ететін шектеулі ресурстарға деген сұраныстың өсуі. Сондықтан оларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсыну маңызды. Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек. Мектеп бітіруші түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс. Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс» деп атап көрсеткеніндей, қазіргі таңда елімізде жаппай білім беру мазмұны жаңартылуда. Жаңартылған бағдарлама бойынша әлемдік білім беру жүйесі бәсекеге қабілеттілікке қарай білім алушыны баулу, қоғамнан өз орнын таба білетіндей сапалы маман болуына бағытталынған.

Критериалды бағалау технологиясын енгізудің мақсаты:

Мектепте оқыту сапасын жоғарылату

Мектеп бітірушілердің білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіру.

Критериалды бағалаудың басты артықшылығы:

алдын-ала ұсынылған бағалау шкаласы;

анық, айқындылығы;

бағаның әділдігі;

өзін бағалауға мүмкіндіктің берілуі

Критериалды бағалау технологиясы арқылы бағаның қойылуы:

Критерий бойынша оқушының оқу жетістіктерінің деңгейі белгіленеді

Нақты балдар немесе бағалар қойылады

Анықтамасы : Критериалды бағалау технологиясы-бұл білім берудің мақсаты мен мазмұнына негізделген оқушының оқу- танымдық құзырлығын қалыптастыруда алдын-ала белгіленген жетістіктермен салыстыру үрдісі .

Бағалауды қолданудың екі тәсілі: Қалыптастырушы бағалау- (*formative*) баға жақсарту мақсатында жасалатын қадамдарды анықтау үшін ағымдағы жағдай туралы мәліметтер алуға қолданылады.

Жиынтық бағалау- (*summative*) өтілген кезең бойынша зерделенген материал мөлшерін анықтауға қолданылады.

Қалыптастырушы бағалау. Қалыптастырушы бағалау – сабақта күнделікті жүзеге асатын, білім мен дағдыны меңгеру деңгейін анықтайтын бағалау.

Қалыптастырушы бағалау білім беру процесінде оқушы мен мұғалімнің арасындағы өзара тығыз байланысты жүзеге асырады. Сонымен қатар, оқушыларға жаңа материалды меңгеруде тапсырмаларды қаншалықты дұрыс орындағандығын білуге және оқытудағы мақсаттар мен міндеттерді орындауға мүмкіндік туғызады (ауызша сұрақ, жазба, практикалық жұмыстар т.б.)

Қолданылуы: Негізгі бағалауда барлық критерийлер барынша қолданылуы керек. Критерий оқушының жас ерекшелігіне, бағдарламаға сай алынады.

Әрбір жетістік балмен және дескриптор арқылы белгіленеді.

Тоқсан соңында әр критерий бойынша негізгі бақылаудан алынған орташа балл есептелінеді.

Негізгі ұстанымдар. Бағамен оқушының жұмысы бағаланады.

Дескрипторлар оқушыға алдын-ала белгілі. болуы шарт.

Оқушы өз білім деңгейін анықтай алуы қажет.

Нақты білімділік мақсатты бағалауы қажет.

Жиынтық бағалау (суммативное оценивание):

Жиынтық бағалау белгілі бір тақырыпты қорытындылау мақсатында орындалады. Мазмұны оқылған материалды қамтуы керек.

Жиынтық бағалаудағы оқушының алған бағасы тоқсандық баға болып табылады.

Критериалды оқытудың маңыздылығы:

Мұғалім үшін:

Әрбір оқушының өзгешелігін ескере отыра жеке білім алу траекториясын құру.

Оқушы үшін:

Берілген бағалау критерийлерін түсіну, қолдану, жұмысын бағалай білуі.

Ата-ана үшін:

Баланың білім алуындағы өсу деңгейін қадағалауы.

Критериалды бағалау технологиясының артықшылығы:

Нақтылық

Әділдік

Ынталандыру

Белсенділік

Жеке тұлға

Критериалды бағалау технологиясының оқытуды жақсартудағы 5 қағидасы

Оқушылармен кері байланысты тиімді қамтамасыз ету.

Оқушылардың өзіндік оқуға белсенді қатысуы.

Бағалау нәтижелерін ескере отырып, оқытуды өзгерту.

Оқушылардың өзін-өзі бағалауы.

Өздерінің оқуын қалай жақсартуға болатындығын түсіну қажеттігі.

Бағалаудың мақсаты

Оқытудың қиындықтарын анықтау;

Жетістіктер туралы кері байланыс (оқушылар, мұғалімдер және ата-аналар үшін);

Болжау және сұрыптау;

Стандарттарды бақылау және орындау;

Оқыту бағдарламасының мазмұнын және білім беру стилін бақылау.

Қалыптастырушы бағалау

Мұғалім үшін-

оқытудың келесі деңгейін жоспарлау үшін тексеру жұмыстарының нәтижесін қолданады;

оқушыға білімін арттыру үшін пайдалы кеңестер береді;

жұмыс нәтижесі бойынша әр оқушыға жеке-жеке мақсаттар қояды.

Оқушы үшін-

өз қатесі негізінде үйренуге көмектеседі;

маңыздыны түсінуге көмектеседі;

қолынан не келетінін түсінеді;

білмейтін тұстарын анықтайды;

нені істей алмайтынын түсінеді.

T00072 15.12.2020

Жаңартылған бағдарлама – білім берудің жаңа мазмұны

ҚҰРБАЕВА ГҮЛСЕЗІМ ЖАНҚАСЫМҚЫЗЫ

Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Аққұм ауылы

Аққұм НОББМ Бастауыш сынып мұғалімі

Өмір – бұл ағын су секілді, бір орында тұрмайды, яғни жылдар жылжып, уақыт өтеді. Уақыт өткен сайын қай салада болмасын дүниенің бір жаңалығы орын алып жатады. Сол жаңалықты тосырқамай, жақсы - жаманын саралап қабылдай білу керек. Өмірді ағын суға теңесек, білімді - теңіз, мектепті – кеме деп қарастырамыз, ал мұғалім – сол кеме капитаны деуге болады. Кеменің тереңге батпай, дұрыс бағдармен жүруі мұғалімге байланысты.

Елбасымыз: «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі» деп атап көрсетті. Сонымен қатар, Қазақстан 2050 стратегиясында: «Біріншіден, барлық дамыған елдер өзінің бірегей жоғары сапалы білім беру жүйесіне ие. Біз Ұлттық білім беру саласының барлық бөлімдерінің сапасын жақсарту үшін көп жұмыс істедік. Негізгі мектеп үшін, барлық мектептердегі оқыту стандарттарын Назарбаев Зияткерлік мектептерінің деңгейіне дейін жақсарту қажет. Жоғары мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеріп шығулары тиіс. Оқытудың нәтижесі сын тұрғысынан ойлау, өздігімен зерттеу және ақпаратты терең талдау дағдыларын меңгерту тиіс» делінген. Болашақта өркениетті, дамыған елдер қатарына ену үшін, елдің айбынды болашағы үшін заман талабына сай сапалы білім қажет. Ол үшін еліміздің білім саясатындағы ғылыми – техникалық әлеуетін жұмылдыру, ғылымның басым бағыттарын дамыту жолындағы ресурстарды шоғырландыру, оның жетістіктерін өндіріске енгізу инновациялық дамудың негізгі көзі.

Білім мен ақпарат дамыған қоғамда білім беру жүйесі инновациялық экономиканың негізгі бөлігі болып табылады. Білім берудің негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады. Қазақстанның мемлекет ретінде қалыптасуы орта білім беру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау керек» деп көрсетілген.

Қазақстанда білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстандық білім беру жүйесін жақсарту үшін, ең алдымен педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, біліктілігін дамыту бағытына үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар, өзгерістер мен жаңалықтар мұғалімнің өткені мен бүгіні, келешегі мен болашақ жайлы ойланып, жаңа идеялармен жұмыс жасауға негіз болады.

Елбасымыздың жолдауында айтқандай: Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарына жеткізетін – білім. Ғылым мен техниканың күн санап өсуіне байланысты педагогика ғылымының теориясы мен оқыту үрдісі де түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Соған орай оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады.

Ата-бабамыз «Оқу – инемен құдық қазғандай» демекші, шығармашыл, ізденімпаз ұстаз ғана табысты болады, нәтижеге жетеді. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ең негізгі мақсаты - білім алушылардың оқу нәтижелерін жетілдіру болып табылады. Орта білім мазмұнын жаңартудың көптеген компоненттері, соның ішінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы осы мақсатқа бағытталған. Жаңа бағдарлама бойынша жаңаша көзқарас қалыптасып, білім деңгейі биікке көтеріліп келеді. Қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды енгізу күннен-күнге басты талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттігі күшейіп келеді. Мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болса да, мұғалім оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Оқушының тұлға ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Заманауи қоғамның зиялы азаматына білім беру - сана әлеуеті жоғары дамыған, сын тұрғысынан және жаңашыл ойлай білетін, рухы мықты, өз білімін қоғамның алға басуына жұмсай алатын адамды тәрбиелеу. Білім беру бағдарламасында тәрбие мен оқыту ажырамас байланыста болады. Заманауи мектептердің мақсаты - жоғары білімді, шығармашыл адамның үйлесімді тұлғаланып, дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін жасау. Өз білімінің нәтижесінде оқушы бойында сын тұрғысынан ойлау, білімін шығармашылықпен пайдалана білу, зерттеушілік дағдылары, АКТ дағдылары, топта және жеке жұмыс істей білуі, тілдік дағдылары, қойылған міндеттер мен күрделі мәселелерді шеше білу дағдылары қалыптасады.

Мектеп бағдарламасына кіріктірілген пәндерді енгізу оқушының жалпы дамуына және тақырыпты сабақта тереңірек зерттеп, әлем туралы тұтас ұғымының қалыптасуына септігін тигізеді. Жаңартылған білім беру мазмұны білім салалары бойынша анықталған күтілетін нәтижеге негізделеді. Күтілетін нәтижелер оқушы жұмысы мен оның жетістігін бағалауға мүмкіндік береді, әр оқушының жеке даму траекториясының дамуын нақтылауға жағдай туғызады. Сонымен қатар білім, білік дағдыларының дамытуға уәжін арттырады. Оқу үдерісінің сапасын жақсартады. Сол себепті, оқыту нәтижесін мониторинг жасаудың жаңа формасы енгізіледі, яғни критериалды бағалау жүйесі. Оқыту мақсаттарына жетуде жетістік критерийлерін құрастыру және қолдану – бұл білім берудің мақсаты мен мазмұнына негізделген оқушының оқу - танымдық құзырлығын қалыптастыруда алдын-ала белгіленген жетістіктермен салыстыру үрдісі. Ең бастысы – оқу үрдісінің өзі, жетістік критерийлері арқылы оқушы өзін-өзі бағалауды үйреніп, өз білімінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көріп, әрі қарай қалай даму керектігін түсінеді. Бұл жүйеде оқушының қалай жұмыс жасағаны, қалай ойланғаны белгілі болады. Білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу - танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, айқын анықталған, ұжыммен шығарылған, білім үрдісінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі критерийлермен оқушылардың оқу жетістіктерін салыстырылады.

Жаңартылған бағдарламаларда барлық білім беру деңгейлері «Мәңгілік Ел» идеясына негізделген. Мектептегі білім беру мазмұны академиялық пәндер, зерттеу және сыныптан тыс әрекет, қосымша білім беру негізінде жүргізіледі. Идеяның мазмұны – оқушыларды рухани- адамгершілік тұрғыдан, қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу, толеранттылық пен ұлтаралық жағдайда қарым-қатынас жасай алуға үйрету болып табылады.

Бұл жаңартылған мазмұндағы бағдарламаның негізгі қағидаты - коммуникативтік тәсіл арқылы оқушының тіл туралы, ұлттық және жаһандық мәдениеттің маңызы туралы түсінігін кеңейте отырып, қазақ тілін табысты үйрету. Бүгінгі таңда білім беру саласына түбегейлі өзгерістің қажеттілігін ескерсек, реформаның басында тілдік пәндердің тұру себебін бағдарламада көрсетілген мына жолдармен түсіндіре аламыз: «...Әрбір оқушы үшін тіл – негізгі білім құралы. Оқушылардың тілдік қарым-қатынасы өздері өмір сүріп отырған және білім алатын орта арқылы жүзеге асады. Тілді жетік меңгеру ұлттық құндылықтарды түсінетін, әлемдік деңгейде жаңа өзгерістерге бейім, жаңашыл жеке тұлға қалыптастыруға ықпал етеді». Осы орайда, ғалым - жиһанкез Шоқан Уалихановтың «Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет» деген екен. Олай болса, тәуелсіз еліміздің үшінші жаңғыру дәуірінде бүгінгі ұрпақтың өмір сүруі үшін қажетті білім дағдыларымен және қасиеттермен қаруландыру - мұғалімдер үшін

ынталандырушы күш болып табылады. Жаңартылған оқу бағдарламаларының ерекшеліктері 10 бөлімнен тұратын жаңа құрылымы болып табылады:

1. Пәннің маңыздылығы;
2. Пән бойынша оқу бағдарламасының мақсаты;
3. Үштілділік саясатты іске асыру;
4. Оқыту үдерісіне ұйымдастыруға қойылатын талаптар;
5. Пәнді оқытуда қолданылатын педагогикалық әдіс-тәсілдер;
6. Түрлі мәдениет пен көзқарастарға құрмет;
7. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігі;
8. Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту;
9. Оқу нәтижелерін бағалау жолдары;
10. Оқудың мазмұны, ұйымдастырылуы мен бірізділігі.

Бұл жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша менің көкейге түйгенім: алдымызға бір мақсат қоя отырып, сол мақсатқа жету жолында шәкірттердің жүрегіне жол тапсақ, егемен елдің ұл- қыздары білімді де білікті болып шықпақ. Соның арқасында біз бәсекеге қабілетті, іргесі мықты ел боламыз. Ұстаздықтың ұлы жолында өзімнің бар күш жігерімді салып, еліме пайдамды тигізіп жатсам, бұл ғаламда одан артық бақыт жоқ деп ойлаймын. Негізінен жаңартылған білім беру жүйесі құзыреттілік және сапаға бағытталған бағдарлама екендігіне көз жеткіздім.

Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды заманауи әдіс – тәсілдермен оқытып, ой – өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Оның үстіне білім берудің жүйесін қарқынды дамытқан бұл үрдістің жалпы білім беретін мектептерге де енгізіле бастауы көңілді қуантады. «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады», - деп Абай атамыз айтқандай, озық ойлы білімдар адамдар заманның, қоғамның дамуына, өзгеруіне үлесін қосып келеді.

Қорыта айтатын болсақ: Әр уақытта бала білімін алға қоюшы ұстаз үлкен көрсеткішке қол жеткізу жолында талмай талаптанып, шаршамай еңбектенеді. Сол кезде ғана еліміз көкке шарықтап, басқа елге елді танытады. Елді өсіретін де, елді өшіретін де – білім. Сондықтан қолда бар амалдарды тиімді пайдалана білу сіз бен біздің үлесімізде. Өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірге өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін жаңаша оқытатын жаңа көзқарасты ұстаз болайық.

T00073 15.12.2020

Жаңартылған білім беруде қашықтықтан оқуды ұйымдастыру

КАРСАКОВА АЙЗАТ УРУСТЕМОВНА

Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Аққұм ауылы

Аққұм НОББМ Бастауыш сынып мұғалімі

Бүгінгі таңда білім сапасы - бұл әлемдік білім беру қауымдастықтарының көпшілік пікірталастарының тақырыбы. Осыдан үш-төрт жыл бұрын бұл пікірталастар дәстүрлі білім беруге қатысты болса, қазір электронды оқытуға сапа ұғымы қолданылады.

Ең дамыған елдердің оқыту үдерісіне заманауи ақпараттық технологияларды енгізу тенденциясы қазіргі уақытта білім беру жүйесінде түбегейлі өзгерістер үдерісі жүріп жатқанын көрсетеді. Білім беру сапасына қойылатын заманауи талаптарға сәйкес білім беру мекемелерін қайта жабдықтау жұмыстары жүргізілуде. ЖОО оқытушылары мен қызметкерлерінің алдында тұрған жетекші міндеттердің бірі - қашықтықтан білім беру жүйесін енгізу ғана емес, сонымен қатар жаңа технологиялардың білім беру үдерісіне жағымды әсерін қамтамасыз ету, яғни. күшті жақтарын дамыту және жағымсыз жақтарын азайту қажеттілігі.

Қашықтықтан оқытуды күндізгі және сырттай оқу сияқты классикалық оқыту түрлерінен айыру керек. Қашықтықтан оқыту оқытуды ұйымдастырудың әр түрлі формаларына ие, оны жүзеге асырудың әр түрлі әдістері, студенттердің, сонымен қатар студенттер мен мұғалімдердің өзара әрекеттесу формалары түбегейлі ерекшеленеді. Алайда, білім берудің классикалық формалары сияқты қашықтықтан оқыту мақсаты, мазмұны, міндеттері, іске асыру формалары мен оқу құралдарының болуымен сипатталатынын түсіну керек. Осыған сүйене отырып, біз қашықтықтан оқытуды жалпы білім беру жүйесінде өмір бойы білім берудің ажырамас бөлігі ретінде қарастыру керек деген қорытынды жасауға болады.

Қазіргі заманғы ақпараттық қоғам білім беру жүйесіне өз талаптарын қояды, олардың негізгісі келесідей тұжырымдалуы мүмкін:

Ғылыми білімді өз бетінше табу, жинақтау және қайта қарау мүмкіндігі;

Студенттердің қазіргі ақпараттық қоғамда өз бетінше бағдарлай алу қабілеті;

Қашықтықтан білім беруді енгізу және қолдану сапасын келесі көрсеткіштер арқылы бағалауға болады:

Тиімділік (білімді игеру дәрежесі, жинақталған білімді практикада қолдана білу, оқу үлгерімі);

Ресурстың қарқындылығы (қаржылық шығындар, материалдық ресурстар, сыныптар, мұғалімдер және т.б.);

Тиімділік (білімді игеру уақыты, оқушыларға есеп беру және т.б.); Жоғарыда айтылғандардың барлығын қашықтықтан оқыту үдерісінің тиімділігі көрсеткіштеріне жатқызуға болады.

Қазіргі уақытта ақпараттық технологияларды білім беру үдерісіне енгізу барысында бірнеше жағымсыз жағдайлар кездеседі.

Оқу процесінде адам факторы маңызды рөл атқарады, өйткені мұғалім оқушымен тікелей байланыста белгілі бір дағдыларды аудара алады және сіңіре алады, ал қашықтықтан білім беру кезінде ол толығымен немесе ішінара жоғалады;

Бұрынғы оқыту әдістері жаңа технологияларға сәйкес келмейді, ал оқу мен оқу материалдарының көпшілігі қашықтықтан оқытуға жарамсыз; Кейбір мамандықтар бойынша қашықтықтан оқу мүмкін емес, өйткені кейбір пәндер оқытушының бақылауымен өткізілетін күрделі зертханалық семинарларды қажет етеді.

Көптеген мұғалімдердің ақпараттық технологиялармен жұмыс істеу дағдыларының жоқтығы. Осыған байланысты қашықтықтан білім беруде қолдануға жарамды оқу материалын дайындауда қиындықтар туындайды. Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларға оқытушыларды даярлауға кететін шығындар, сондай-ақ қажетті техникалық құрал-жабдықтар алу үшін университеттің қаржылық шығындары.

Қашықтықтан оқытуға қажетті ұсынылған оқу материалдарына қойылатын талаптарды стандарттау қажеттілігі. Сондай-ақ, қашықтықтан оқытуды енгізу кезінде туындайтын мәселелердің бірі - студенттер арасындағы білімнің болуын бақылау. Студенттің пәнді игеруге және білімнің бар екендігін растауға қажетті белгілі бір тапсырмаларды өз бетінше орындайтындығына толық кепілдік жоқ. Бұл мәселенің ішінара шешімі - on-line бақылау немесе аралас оқыту технологияларын қолдану.

Барлық экономикалық және әлеуметтік мәселелерге қарамастан Ресейде қашықтықтан білім беру қарқын алуда. Еліміздің ең прогрессивті университеттерінің командалары ғана емес, олардың арасында білім берудің осы түрін жақтаушылар көбейіп келе жатқан студенттердің өздері де қашықтықтан оқытудың уәдесі, өміршеңдігі және оның барабар екендігіне (қалыптасқан дәстүрлі формаларға қатысты) сенді.

Айтылғандарды қорытындылай келе, қашықтықтан білім берудің барлық жағымсыз жақтарына қарамастан, мен қолданыстағы ақпараттық технологияларды университеттердің оқу үрдісіне енгізуге және формасы жағынан анағұрлым жетілдірілген және Қазақстан жағдайларына бейімделген жаңа технологиялардың дамуына үміт білдіргім келеді.

T00016 14.12.2020

Технология пәнінен жаңаша оқытудың әдіс-тәсілдері

АРАЛБАЕВ ДАРХАН САБИТОВИЧ

Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Аққұм ауылы

Аққұм НОББМ Технология пәнінің мұғалімі

Технология пәнін оқытуда –еңбек етудің алғышарттарын үйрену арқылы оқушыны жек тұлға ретінде тәрбиелеу мақсаты көзделеді. Осы мақсатты жүзеге асыру барысында, оқушыларға берілетін тәлім-тәрбие үрдісін жетілдіру, жұмыс мәдениетін, адамдар арасындағы адамгершілік қарым –қатынастарды жаңарту, еңбек біліктілігін қалыптастыру арқылы еңбекке өнімділігін арттыруға ынталандыру міндеттерін мұғалімге жіктейді. Жас ұрпақты қоғамдық өмірге, отбасындағы қызметке, кәсіпке даярлау, үнемі өзгеріп отыратын әлемде өмір сүретіні туралы түсінікті қалыптастыруды міндеттейді.

Елбасы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында: «Негізгі мақсатымыз –Қазақстанның әлемнің елу дамыған елдерінің қатарына енуі» делінген. Сол себепті, әр оқушыға оның қабілеттеріне сәйкес келетін білім беру өрісі қажет.

Адамға ең бірінші өмірлік қажеті - еңбек екенін уақыт дәлелдеуде .

Адам өмірі үшін аса қажетті, әрі өмір бойы тоқтаусыз білім беретін пән «Еңбекке баулу»бүгінгі технология оқу пәні үнемі жетілдіруде.

Біздің елімізде еңбекке үйрену –Ы. Алтынсарин 1887-1888 жылдары орыс – қазақ мектебін алғаш ашқанда басталған . Оқушыларды кәсіпкерлікке, қазіргі заман талабына сай басқару, білу, ұйымдастыру, іске асыру жұмыстарына бейімдеу басшылыққа негіз болады.

Болашақ кәсіпкер:

- өз өндірісінен түскен қаржыны жұмсай алатын жеке меншік иесі;
- азаматтық нарыққа қатыса алады;
- өз өндірісінде жұмыс беруші, ұйымдастырушы;
- жұмыстың сапасына жауап беруші.

Ұжымның жұмыс нәтижесінде өзіне пайда келтіретін әдіс-тәсілдерді қамтамасыз етуді шешу мектептің материалдық –технологиялық базасына, аймақ ерекшелігіне байланысты.

Сонымен бірге оқушыларды кәсіби еңбекке баулу мүмкіншіліктерін зерттеу арқылы іске асыру технологиясын жасау. Ата-ана, ауыл әкімшілігі мектеп ұжымымен бірігіп, жастарды кәсіпкерлікке баулуға бағытталған оқу-тәрбиелік шығармашылық орта құруы қажет. Еңбек тәрбиесі - барлық тәрбиенің қайнар көзі. Еңбек тәрбиесі арқылы киімді пішу, тігу қолөнер шеберлігін меңгерту арқылы ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелей аламыз.

Өйткені, оқушы алған теориялық білімін іс жүзінде қолдана отырып, оны өмірімен, өзінің іс-әрекетімен байланыстыра білгенде ғана, өзіне де пайдасын тигізе алады. Технология сабағы арқылы оқушыны іскерлікке, ұқыптылыққа, әдемілікті сезініп, қабылдауға үйретеміз.

Біздің негізгі ұстанымыз: «Сөзден - іске көшу».

Еңбек тәрбиесі арқылы киімді пішіп тігу, көркемдеу қол өнер шеберлігін меңгеру арқылы жас ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелеуді басшылыққа ала отырып жұмысты жүргіземіз. Оқушылар әр түрлі тігілген бұйымдарды зерттей отырып, баға берумен келешек кәсіби ісіне қажетті эстетикалық, ұлттық, этикалық және т. б. бағалы қасиеттерін өз бойларына қалыптастырады.

Еңбек сабағында оқушылардың іске икемділігі мен іскерлігіне, өнерге, шеберлікке деген бейімділігін дамыта отырып қалыптастырамыз. Оқушылар отбасында да тұрмыстың әр түрлі өнімді еңбегіне қатысады. Баланың бойындағы сапалық қасиеттері, еңбекке қызығушылығы, табиғатты қорғауы, ұқыптылығы арқылы еңбек адамын көру. Қазіргі кезде білім беру кеңістігінде инновациялық үрдістердің бағыттарының бірі - мектепке бағдарлау болып табылады. Оқушылардың қызығушылықтары, қабілеттері толық ескеріліп, сол қажеттілікке сай тиімді жағдайлар жасалып, білім беріледі.

Оқыту мәселелерін бастамас бұрын, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеуге ерекше мән беру керек.

Сабақ - оқыту мен тәрбиелеу үрдісінің негізгі формасы . Ендеше сабақтың мәнді өтуі мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Инновация –оны жеке түсініп, оқу үрдісіне енгізу - оқушылардың саналы да сапалы білім алудың бірден бір шарты. Инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу жаңа білім берудің бірден бір шарты деп айттық. Саралап оқыту - оқушылардың туа біткен ақыл-ой қабілетінің жеке дамуының жан-жақтылығына негізделген білім беру жүйесі. - оқытудың дәстүрлі емес сабақ түрлері мен жаңа әдіс-тәсілдерін қолдану - сабақтарда пайдаланатын негізгі әдістер оқушылардың көңіл күйіне, ынтасына, қабілетіне қарай, топпен, жеке оқушылармен жұмыс істеу, ойын элементтерін пайдалану т. б.

Технология - пәні география, бейнелеу өнері, тарих, музыка пәндерімен тығыз байланысты. Электронды кәсіптік бағдарлау жүйесі - қазіргі заманға сай ақпараттық-коммуникациялық технология негізінде жасалып, оқушының өзіне қажетті мамандықты таңдап, оның ерекшеліктері жөнінде тұтас ақпаратты ұсына отырып, өз мүмкіндігі бойынша қалаған мамандығын анықтауға көмектеседі.

Оқушыларды кәсіптік бағдарлау ақпараттық үрдісі, ұдайы кәсіптік білім жөніндегі ақпараттарды талдауды және қорытындылауды қажет етеді. Бүгінгі еңбектің сипаты, мазмұны өзгеріп, жаңа талап пен міндеттерді қажет еткенімен, еңбекті құрмет тұту – халықтар дәстүрінде ежелден қалыптасқан. Балаларды еңбекке тәрбиелеу - қол еңбегі сабағынан басталады.

Адам баласы туа сала емес, көре-көре, жүре-жүре жетіледі. Бір адам еңбекке өте қабілетті болып өссе, енді бірі керісінше болады. Баланың жас шағында еңбек тәрбиесін дұрыс алуы немесе одан шет қалуы оның келешек өміріне үлкен әсер етеді.

Баланың еңбек тәрбиесін меңгеруі, қоғам үшін ғана емес, оның жеке басы, өз тіршілігі үшін де қажет. Еңбекке сүйетін адамның өмірінде реніш болмайды. Олар үнемі көтеріңкі көңіл-күйде жүреді. Отбасына еңбек тәрбиесін жүргізгенде, баланы белгілі бір мамандыққа бейімдей даярлауды ескерген жөн.

Егер бала отбасында еңбек тәрбиесін дұрыс алып шықса, мектепке іскерлікке үйрену оңайға түседі. Өйткені, отбасында алған еңбек дағдылары балаға түрлі мамандықты үйренген кезде жәрдемдесіп, оны игеруді оңайлатып отырады.

Технология сабағында жобалау әдісін қолдану

Жоба - әр түрлі бөлімдерден арнайы сызбалардан, суреттерден, жасалатын бұйымның технологиялық картасынан құралуы мүмкін. Ол бұйымдарды жасаған кезде есеп, экономикалық немесе экологиялық дәлелді түсінік хаттар да пайдаланылады.

Жобаның бірнеше нұсқасы болуы мүмкін.

Мысалы, өте күрделі жобаны оқушының өзі ғана орындауы шарт емес.

Сондықтан жобаның кейбір бөлігі дайын күйде берілсе, кейбір бөлімін оқушы мұғалімнің, ата-ананың көмегімен орындай алады. Егер бір күрделі жобаны бірнеше оқушы бірлесіп орындаса, әр оқушының үлесі алдын ала анықталуы қажет. Ол оқу жылының соңында өзінің орындаған шығармашылық жобасын оқушылардың және мұғалімнің алдында қорғайды.

Жобаны қорғау барысында қолданатын бұйымның ішінен қандай затты таңдап алу, ол бұйым қоғамға, өзіне достарына және ата-анасына қандай пайда келтіретіне ескеріледі.

Жобалау әдістемесінің талабы:

1. Міндетті түрде шешілетін мәселенің зерттемелік, ақпараттық, тәжірибелік болуы.
2. Жобаны орындау іс-әрекетті жобалаудан басталады
3. Әр жоба оқушыдан зерттеушілік жұмысы талап етеді. Сонымен, жобалау іс-әрекетінің ерекшелігі - ақпаратты іздеу болып табылады.
4. Жобаның шығуының ең соңғы сатысы - нәтиже:
5. Дайындалған жоба тапсырыс берушіге немесе қоғамдық өкілдікке көз жеткізуі керек.

Шығармашылық жоба - әр оқушының жыл сайын мұғалімнің көмегімен орындайтын өзіндік жұмысы, басқаша айтқанда, технология пәні бойынша жүргізілген шығармашылық жұмыс. Шығармашылық жобаның технология пәнінде алатын орны өте зор. Шығармашылық жоба арқылы оқушының ұлттық дүниетанымы, эстетикалық талғамы дамиды.

Оқушылар санасына жас кезінен бастап еңбек етуінің қажеттілігін, маңыздылығын сіңіру, пайдалы іс жасауға, қандай іс болса да шын ниетпен және ұқыпты орындауға дағдыландырады.

Оқытудың осындай идеяларын ұстанған сабақтарда оқушылар өз ойларын еркін айтатын болғандықтан, оларда түрлі пікірлер пайда болады. Олардың қандай да болмасын мүмкін қате немесе шала ойларын шыдымдылықпен тыңдап, оқушыларды сенімділікке бастау мұғалімнің басты міндеті.

T00017 14.12.2020

Саз сабақтарында балаларды шығармашылыққа баулу

РУЗИЕВА КАЛИЯ АЛЕШЕВНА

ШҚО Үржар ауданы, Науалы ауылы

«Балбөбек» балабақшасы КМҚК Саз жетекшісі

Жалпы балаларды шығармашылыққа баулу дегеніміз саз жетекшісінің басты міндеті деп есептеймін. Себебі өзге пәндерге қарағанда музыка сабағында саз жетекшісінің балаларды шығармашылыққа баулуға үлесі зор.

Өйткені бүлдіршіндерді әсемдік әлеміне неғұрлым кеңінен жақындатып өнерге, шығармашылыққа баулитын кезең – ол балабақшадан басталмақ. Өсіп келе жатқан жас буын әдеби ертегілер мен бейнелеу өнері шығармаларындағы, музыка мен әуендегі, табиғаттағы, тұрмыстағы шын мәніндегі көркемдік қабылдау арқылы эстетикалық құштарлықты сезініп қана қоймай, ондай туындыларда кездесетін нәрсіздік пен көріксіздікті де ажырата біледі. Жан-жақты дамыған азамат тәрбиелеуде эстетикалық тәрбиенің басты саласының бірі – музыка мен ән.

Музыка адамның жан дүниесін тебіреніп отырып, оның өмірге деген көзқарасын, әдет, мінез-құлқын қоғам мүддесіне сәйкес қалыптастыруға, әдемілік заңымен өмір сүруге тәрбиелейді. Бүлдіршіндерді әсемдік әлеміне неғұрлым кеңінен жақындатып өнерге баулитын кезең – балабақшадан басталмақ. Әсіресе музыка өнерімен шұғылдану баланың жеке басының жалпы дамуына жәрдемдеседі. Музыка сабақтары балаларды жан-жақты дамыту барысында көптеген мақсаттар қояды. Дәлірек айтсақ: балаларды музыка тыңдай білуге үйрету, оны тұтастай қабылдау, сезіну, музыкалық мәнерлілікке баулу, дыбыстардың типін түсіну және музыкаға қызығушылығын арттыру. Ән айту, музыка тыңдау, музыкалық сауат және қозғалыс (ырғақ) – музыкаға тәрбиелеудің міндетті бөлімдері.

Жалпы бағдарлама бойынша балабақшада ән сабағының өтілу кезеңі алты бөлімнен тұрады:

1. Кіріспе бөлімі

2. Музыкалық ырғақты қимылдар

3. Ән тыңдау

4. Ән үйрету

5. Билер

6. Ойындар

1. Кіріспе бөлімі

Кіріспеде балалар саз залына көңілді әуенмен немесе вальс әуенімен, немесе марш музыкасымен кіреді. Осы музыкамен балаларды музыка ырғағына ілесіп жүруге, әр жанырдағы ырғақтың өзіндік ерекшеліктерін айыра білуге үйретеміз. Шеңбер бойымен жүреді, содан кейін тоқтайды да саз жетекшісі балалармен амандасады, балаларда әуенмен жауап беріп амандасады.

2. Музыкалық ырғақты қимылдар

Музыкалық ырғақты қимылдарда балалар шеңбер бойымен жүріп әр түрлі қимылдар жасайды. Яғни мынадай қимылдар жасайды: Күн сәулесін бейнелейді, құс болып ұшу қимылы, жеңіл жүріс, әр түрлі би қимылдары және т.б

Музыкалық ырғақты қимылдарды жасау барысында балаларды әдемі жүруге, билеген кезде әдемі қозғалуға және жас ерекшеліктеріне қарай қимылдарды жасату. Осыдан кейін балалар ән айтатын орындарына отырғызылады. Олар отырған кезде әдемі отыруға, аяқтарын жинап, қолдарын алдарына қойып отырғызуға үйрету.

3. Ән тыңдау

Музыка тыңдау бөлімінде жекелеген музыкалық үндерді және тұтастай музыкалық шығармаларды тыңдай білуге, ондағы музыкалық дыбыстарды ажырата білуге жаттықтырамыз. Ән тыңдауды да жас ерекшеліктеріне қарай және тақырыпқа сай таңдап алу. Дыбыстардың биіктігін, ырғағын, музыкалық бояуын және дұрыс тыңдап, қабылдай білу қабілетін дамытамыз. Дыбыс биіктігін, дыбыс бояуын, музыканың басталуын және аяқталуын аңғаруға жаттықтырамыз. Сонымен бірге тыңдау арқылы балалардың эстетикалық сезімдері, талғамдары дамып, эмоциялық сезімдері оянып ләззат алады. Музыкаға деген қызығушылықтары артып, тыңдау қабілеті дамиды.

Музыка тыңдату жайында балалар дамуының бірдей дәрежеде еместігін түсіну маңызын саз жетекшісі білуі керек. Музыканы тыңдағанан кейін балалардан әннің қалай, қандай күйде орындалғанын сұрап білуге болады яғни ән көңілді ме әлде мұңды ма деп. Бұл арқылы балалардың қаншалықты әнге зейін қойып тыңдағанын немесе әнге деген қызығушылықтарын білуге болады. Осыдан кейін балаларды ән айтуға дайындау яғни ән айтпас бұрын әндік демге байланысты жаттығулар жасалады. Мысалы: ауызды кеңірек ашу оны біз

арыстан сияқты деп атап айтамыз, тілді кескілеу, ауыз қуысында тілді екі жақ бетке түйрелеу, «ля,ля ля» баспалдақ пен жоғары көтеріліп, төмен түсу, басқада әр түрлі дыбыстар мен жасауға болады. Балаларды дыбыстарды таза айтуға үйрету үшін дауыс жаттығуларын жасатудың пайдасы өте зор. Бұл балалардың қабылдау деңгейіне қарай үлкен шығармашылық іскерлікті қажет етеді. Осыдан кейін үйренетін әнді ең алдымен балаларға таныстырып өту яғни әнді әнімен айтып беру, кейін әнің сөздерін үйрету яғни үйретуге кірісу.

4. Ән үйрету бөлімі

Ән бөлімінде балаларды ырғағына келтіре, әдемі ән салуға тәрбиелейміз. Ән салу арқылы өлеңнің мазмұнын, тәрбиелік мәнін саналы түрде меңгеруіне мүмкіндік береміз. Балаларды хормен ән айтқызып жаттықтыру арқылы, оларды ортақ сезімге бөлендіріп, өздерінің әрекеттерін бір әуенге үйлестіруге төселдіреміз, жауапкершілікке, шығармашылыққа ұйымшылдыққа баулимыз. Бірлесіп жұмыс істеу дағдысын қалыптастырамыз. Жеке дауыста ән айта білуге, әндерді есте сақтай білуге, музыкалық шығармалардың құрылысын түсіне білуге тәрбиелейміз. Ән үйретуді де жас ерекшеліктеріне қарай және тақырыпқа сай алынады. Ән үйрету үшін әр түрлі тәсілдер қолдануға болады яғни бір баланы жеке өзіне айтқызу немесе барлығын орындарынан тұрғызу арқылы айтқызу және ақырын қатты түрде айтқызу арқылы. Осы арқылы әр баланың әнді қалай айтатынын икемі бар екенін және жоғары төмен дыбысты қалай алатынын біліп сол балаларды шығармашылыққа дайындап үйрету.

5. Билер

Би бөлімінде музыканың әуен-ырғағымен орындалатын арнайы жаттығулар жасату арқылы музыкалық ырғақты сезінуін қалыптастырамыз. Әуен сазын түсініп, сәнді қимылдар жасай білуге үйретеміз. Дене жаттығуларын музыкалық әуен ырғағына қосылып, әдемі қозғалыс көріністерін жасауға ынталандырамыз. Би қимылдарын жасатып, мүсін сымбаттылығын қалыптастыруды көздейміз. Оларды билеткен кезде бірдей бір келкі жасауға үйретеміз яғни баулаймыз.

6. Ойындар

Ойын арқылы балалардың музыкалық қабілеттерін арттырамыз. Ойынды дұрыс және мәдениетті ережесімен ойнауға үйтеру. Сап түзеп жүруге, дене бұлшық еттерінің ширауына да әсерін тигіземіз.

Қазақ халқының ұлттық ойындарын ойнаған кезде ойналу тәртібі мен өзіндік ерекшеліктері жөнінде қысқаша түсінік береміз. Музыкаға және биге деген шығармашылықтарын дамыта отырып, музыкалық білімдерін арттырамыз. Оқу жылы басында осы мақсаттарға жету үшін әр айға тақырыптық жоспар жас ерекшеліктеріне қарай жүйелі түрде құрылуы тиіс.

Ойынның тәрбиелік мәні зор. Бала ойын арқылы дамиды. Ойын білместі – білгірге, орашолақты – іскерге айналдырады. Балабақша тобына келген балалардың жас ерекшеліктері бірдей емес.

Ойындар арқылы балалардың музыкаға, биге, ән әлеміне деген ынта-ықыласын жас кезінен арттырып қана қоймай, олардың сезімталдығын, кішіпейілділігін, ұйымшылдығын, эстетикалық құштарлығын тәрбиелеуге қызмет етеміз. Балабақшадан даярлық тобына барған балалар өздерін еркін сезініп, би қимылдарын жасқанбай жасап, өз ойларын ашық айта біледі. Музыкалық дидактикалық ойындарды ойнау барысында белсенділік танытады. Мен өз тәжірибемде осы жағдайларды ескере отырып, жас ерекшеліктеріне қарай қандай музыкаларды ұнататынын білуге көңіл бөлемін. Көбінесе балалар ойнақы әндерді және марш екпінді музыканы ұнатады. Ойын нәтижесінде олар музыканы терең түсіне бастайды, ең бастысы – музыканы қабылдау, есте сақтау қабілеті артады, дене қозғалысы арқылы сымбаттылығы қалыптасады.

Сол әуендерге қимыл жасауды ұнатады. Әрине, адам туа оқып болмайтын сияқты барлық балалардың музыка тыңдау және қабылдау қабілеттері де туа бітпейді. Ол жүйелі түрде істелетін жұмыстардың нәтижесінде, біртіндеп қалыптасатын процесс. Ән-күй сабағы айтуға ғана оңай, ал орындауда керісінше, қиыншылығы мол іс. Әлі жаңа ғана әдемі отыруға қалыптасып келе жатқан балаларды, сөздік қоры аз балаларды бірден ән үйрету өте қиын тиеді. Олар ең басында әнге мүлдем қызықпауы мүмкін себебі әлі әнді түсінбейді. Алдымен балаларды қадағалай отырып әнге және оның ырғағына қызықтыруға тырысу керек. Сол әннің мазмұнын ашатындай көрнекіліктер мен дидактикалық материалдар қолданған жөн. Осыдан кейін балалардың қызығушылығы артқан кезде ғана бірте-бірте сөзін жаттатқан дұрыс. Өз тәжірибемде өлеңнің әр жолын жеке-жеке тақпақтап, балаларға хормен қайталатамын. Осы кезде қол шапалақтатып отырған дұрыс. Қол шапалақтау кезінде әннің ырғағы анықталып, әуеніне қосылып айтуда қиындық туғызбайды. Мәтінмен жұмыс кезеңінде балалардың музыкалық ырғақты сезіну қабілеті де анықтала бастайды. Бірі орынсыз қол шапалақтаса, енді бірі ырғаққа ілесе алмай жатады. Мұның бәрі жүйелі жұмыстың нәтижесінде бірте-бірте жаттығады. Келе келе топтағы балалардың музыкалық дамуы әртүрлі екендігі толықтай байқалады. Бір бала өте жақсы өлең айтқанымен, әуенін дұрыс қабылдамай, би қимылдарын қате орындайды. Ал екінші бала болса, керісінше, жақсы билейді, бірақ әнді таза интонациямен орындай алмайды.

Саз жетекшісі балалардың музыкалық қабілетін зерттеп, әр баламен жеке-жеке жұмыс істеуді қолға алуы тиіс. Осы кезде ғана балаларды шығармашылыққа дайындауға болады. Жылдың соңына қарай балалар музыкалық дағдыларды меңгере бастайды, есту, есте сақтау, әуен ырғағын түсіну, дыбыс биіктігін ажырату сияқты музыкалық қабілеті дами түседі. Музыкалық жанрларды (ән, би, марш), қатты немесе ақырын дыбыстарды, екпіндердің жай немесе тез екенін ажырата бастайды. Әр баланың өздері жақсы көретін әндері, билері, ойындары пайда бола бастайды.

T00018 14.12.2020

«Менің Қазақстаным - менің болашағым»

ШЫҢҒЫС АҚЕРКЕ АМАНТАЙҚЫЗЫ
Қызылорда облысы, Шиелі ауданы КМҚК
«Жансая» бөбекжай-бақша тәрбиешісі

Тақырыбы: «Менің Қазақстаным - менің болашағым»

Мақсаты: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны, Елтаңбасы және Туы туралы білімдерін дамыту. Балалардың сезімталдық, қиялшылдық; естігенін, көргенін қайта жаңғыртып, есте сақтау, есіне түсіріп толқу, жақсылық істеуге талпыну сияқты қабілеттерін дамыту.

Өз республикасын танып –білуге, жақсы көруге, Отанына деген сүйіспеншілікке, патриоттық сезімге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Қазақстан Республикасының картасы (балалардың суреттері жапсырылған түрлі түсті гүлдер), Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері.

Қанатты сөз:

1. Туған жер – алтын бесік.
2. Отансыз адам , ормансыз бұл-бұл.

Сабақтың барысы:

Сабақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранымен басталады. (Балалар орындарынан тұрып әнұранды айтады.)

-Біздің республикамыз Қазақстан деп аталады. Біздің еліміз – тәуелсіз мемлекет. Яғни ,біздің еліміз тәуелсіз болғандықтан; өз мемлекеттік әнұраны, елтаңбасы және өзінің мемлекеттік туы бар. Біздің ұлттық тіліміз –қазақ тілі. Республикамыздың президенті – Н.Ә.Назарбаев.

- Балалар, мынау біздің еліміз- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы – көгілдір түсті тік бұрышты кездеме. Тудың ортасында күннің 32 шұғыласы, оның астында қалықтаған қыран бейнеленген. Сабына бекітілген тұста ұлттық оюлармен кестеленген тік жолақ өрнектелген. Күн, арай, қыран және ою-өрнек – алтын түсті.

Балалармен сұрақ –жауап арқылы түсінгендерін пысықтайды.

- Балалар, тудан ненің бейнесін көріп тұрсыңдар?
- Күн, құс пен оюдың бейнесін көріп тұрмыз.
- Иә, өте жақсы, дұрыс айтасыңдар.
- Ал, енді, балалар, мемлекеттік туымыздың түсі қандай екен?
- Мемлекеттік туымыздың түсі: көк, көгілдір .
- Неге ұқсайды?

- Аспанға ұқсайды.
- Біздің мемлекеттік туымыз аспан түстес көк екен.

Балалардың жаттаған «Қазақстан жалауы» деген өлең жолдары тыңдалады.

Аспан түстес көгілдір,
Тік бұрышты матаның.
Ортасында төгіп нұр,
Күн жаяды шапағын.
Астында оның қалықтаған,
Қыран құстың бейнесі.
Азат елдің шалқыған,
Көңілі де білерсің.
Есте белгі ұрандар,
Сары алтындай сақталған.
Күн шұғыла қыранда,
Алтын түске қапталған.
Сол жағында матаның,
Сары түсті жолақ бар.
Мұратындай атамның,
Әсем өрнек ол ұлттық!

- Мынау біздің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы. Рәміздік тұрғыдан ҚР мемлекеттік Елтаңбасының негізі – шаңырақ. Ол – Елтаңбаның жүрегі. Шаңырақ – мемлекеттің түп негізі – отбасының негізі. Шаңырақ – Күн шеңбері. Айналған күн шеңберінің қозғалыстағы суреті іспетті. Шаңырақ – киіз үйдің күмбезі, көшпелі түркілер үшін үйдің, ошақтың, отбасының бейнесі. Тұлпар – дала дүлділі, ер-азаматтың сәйгүлігі, желдей ескен жүйрік аты, жеңіске деген жасымас жігердің, қажымас қайраттың, мұқалмас қажырдың, тәуелсіздікке, бостандыққа ұмтылған құлшыныстың бейнесі. Қанатты түлпар – қазақ поэзиясында кең тараған бейне. Ол ұшқыр арманның, самғаған таңғажайып жасампаздық қиялдың, талмас талаптың, асыл мұраттың, жақсылыққа құштарлықтың кейпі. Қанатты Тұлпар Уақыт пен Кеңістікті біріктіреді. Ол өлмес өмірдің бейнесі. Бір шаңырақтың астында тату-тәтті өмір сүретін Қазақстан халқының өсіп-өркендеуін, рухани байлығын, сан сырлы, алуан қырлы бет-бейнесін паш етеді. Бес бұрышты жұлдыз Елтаңбаның тәжі іспетті. Әрбір адамның жол нұсқайтын жарық жұлдызы бар. Қазақстан Республикасы мемлекеттік Елтаңбасының авторлары – Ж. Мәлібеков пен Ш. Уәлиханов.

Балалармен әңгіме жүргізіліп, «Біздің елтаңба» деген тақпақ айтылады.

Алтын қанат көмкерген,
Шаңырақ бар, уық бар.
Әсем бейне сен көрген,
Жай белгі емес ұғып ал!

Көгілдір түс аясы,
Бейбіт дала елесі.
Шаңырақ – жұрт панасы,
Уықтар -күннің сәулесі.
Сүйсіндірер өзіңді,
Түсіне біл таңбаны.
Аңызда ұшқыр төзімді
Пырақ халық арманы.
Жоғарыға түсер көз,
Бес бармақты жұлдызға,
«Қазақстан» деген сөз,
Таныс барлық ұл-қызға.
Мағыналы , сымбатты,
Бар осындай белгіміз.
Маған, саған қымбатты
Елтаңбасы ол-еліміз!

СЕРГІТУ СӘТІ:Бір шаңырақ астында,

Тату-тәтті тұрамыз.
Бірге ішеміз асты да,
Бірге сайран құрамыз.
Достықты үлгі санаған,
Бір үйде біз тұрамыз.
Қалған ата-бабадан.,
Бірлік асыл мұрамыз!

ата –бабамыздың өткен өмір жолына біраз шолу жасап қарасақ, «Не деген дархан ел, не деген төзімді де қайратты ел, не деген батыр да батыл менің елім!» деп көңілің көкке көтеріледі.

(Музыка ойнап, аяғын ақырын басып Ата шығады. Орындыққа келіп, демалып отырады. Осы кезде жүгіріп немересі шығады).

Немересі: Ата, не ойлап отырсыз?

Атасы: Ә, балам, атаң не атаң не ойламайды дейсін! Сенің болашағыңды ойлаймын. Еліміздің болашағы жайлы, өткен өмір жайлы ойлаймын, қуанамын!

Немересі: Ата, «өткен өмір» деген не?

Атасы: Ә, балам, «өткен өмір» деген сонау ежелгі бабаларымыздан бергі өткен өмір жолы, тарихи емес пе?

Немересі: Ол қандай болған?

Атасы: Ендеше тыңда, балам, атаң бір сөйлесін:

Болмаса да оқыған тарихшы атаң,
Жинадым ескілерден тарих хатын.
Мақсатым – кейінгі ұрпақ ұмытпаса,

Айтылған аталардың аманатын.
Есімі еш адамның өшпейді екен,
Артында ұрпақ жүрсе өздерінде,
Ұмыттырмас «Жеті атасын» парыз екен,
Бұрыңғылар ұрпақтың қамын жеген.
«Білмеген жеті атасын жетесіз» деп,
Өткендерін қалай да білесін деген.

Сондықтан, балам, сен де өз тарихыңды, жеті атанды білуге тиіссің. Сонау ерте кезде біздің ата - бабаларымыз 29 қазақ руының басын қосып, халық болып қалыптасуының негізгі болғаннан басталмай ма бұл тарих?

Менің елім – Қазақстан. Бұл әрбір дала перзентінің (кәрісі бар, жасы бар) көкірегінде мақтанышпен айтатын сөзі. Бұл тақырып төңірегінде сан ойландым, көп толғандым. Елім жайлы, алтын бесігім туған жерім жайлы азаматтық жүрегіммен толғана сыр шерте алар ма екем?!

Құс ұясыз,
Жыртқыш інсіз болмайды.
Отансыз жан өмірінде оңбайды,
Өзін-өзі қорлайды да, сорлайды.

Тірі адамға сол қайғы,

деп ақын ағамыз Мұқағали жырлағандай, Отаны жоқ адамдар нағыз бақытсыз жан екен. Ал біз қазақ халқы нағыз бақ қонған халықпыз деп шаттана айта аламыз. Өзіміздің мемлекетіміз, тарихымыз, тіліміз, тәуелсіз еліміз бар.

Бала : Қазақстан туған өлкем.

Жер көп пе сендей көркем?

Көрсін деп күллі әлемге,

Жалауыңды желге желпем. (Ата мен немересі шығып кетеді.)

Ойын:

«Туған жерді гүлдендір»

(Балалар алдын ала суреттері жапсырылған түрлі түсті гүлдерді алып, әуен ырғағымен жүріп Қазақстан картасына апарып гүлдерін орналастырады.)

Балалар, Туған жерді гүлдендірер ұл-қызы міне, сендерсіздер.

Еліміздің келешек тағдыры, Қазақстан ертеңі өз қолдарыңызда. Туған елдеріңді өркениетті мемлекеттермен терезесі тең, керегесі кең ететін сендер. Ол үшін терең әрі жан – жақты білімді болу – міндеттерің.

«Туған жер – алтын бесік» - демекші, балалар, бүгінгі сабақта айтылғандарды өнеге етіп, елді, жерді сүюді, қадірлеуді өмірлік мақсат етейік – деп сабақты аяқтайды.

T00074 15.12.2020

Мектепке дейінгі жастағы балаларды ән айту дағдыларын дамыту

ЕЛУБАЕВ АҚЫЛЖАН ЖАҢАБАЙҰЛЫ

*Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Ақай ауылы
№17 «Алақай» санаториялық-ясли бақшасы Ән-әуен жетекшісі*

Ежелгі кезеңде ән айту өнері адамның білімінің алғашқы белгісі болып саналды. Бұл пікір қазіргі уақытта қолданылуы мүмкін, өйткені балалардың вокальдық деректерін дамыту тек есту, сөйлеу және ойлаудың қалыптасуына ғана емес, мектепке дейінгі баланың эмоционалды-моральдық саласына және оның шығармашылық қызығушылығына да ықпал етеді. Баланы ән айтуды қалай үйрету керек және одан әрі қарай жүреді.

Негізгі ән айту дағдылары

Бүгінгі таңда балабақшаларда осы мәселеге назар аударылмайды және бірнеше жыл бойы ән айту сабақтарына қарамастан, балалар мектепке келіп, өз дауысын қалай басқаруға болатынын білмейді.

Мектепке дейінгі жастағы балаларды оқыту әдістемесі балалардың негізгі ән айту дағдыларын қалыптастыруы тиіс, олар:

хор дағдылары (ансамбль және білім);

вокальдық дағдылар (тыныс алу, дикция және дыбысты қалыптастыру).

Бала өсіп, дағдыларды үйренсе, олар одан да күрделі болады.

Бірінші курстың үш жасында баланың ересек адаммен бірге ән айтуы керек, ал қарапайым әндер оқу үшін алынады. Мектепке жақындаған кезде, жүйелі түрде ән айтумен айналысатын балалар әндерді өз бетімен және ұжымда орындаулары керек. Бұл жағдайда әндер ән әнімен, сөйлеген сөзімен айтылады, сөздерді олар анық айтады және дыбыстар дұрыс таратылады.

Мектепке дейінгі жастағы балаларды ән айтудың ерекшеліктері

Жас балаларға ән айтуды үйрену кезінде физиологиялық сипаттамаларды ескеру қажет. Осылайша, вокальдық сымдар жұқа және қысқа, ересектерге қарағанда үшкірек мөлшерде кеуде мөлшері мөлшері аз, өкпелердің көлемі аз. Осыған байланысты балалар шығарған дыбыстар жеңіл және жоғары, бірақ әлсіз. Кішкентай балаларды оқыту кезінде ойынды жақсы қолданған жөн. Осының арқасында олар барлық материалдар мен дағдыларды үйрену әлдеқайда оңай, сонымен қатар олар зерттеулерге қызығушылығын жоғалтпайды.

Музыкалық білімі жоқ ата-аналар балалармен ән айтуды ұсынбайды. Кәсіби мамандарға сену жақсы. 6 жастан 7 жасқа дейінгі балаларға арналған барлық әндер ойын нысанын киіп, қысқа уақытқа созылады, тек 30 минут. Ата-аналар баланы сәтті үйрену үшін тәжірибелі мұғалім мен техниканы таңдау жеткіліксіз екенін есте ұстау керек, ал оның ән айтуға деген ықыласы одан да маңызды. Егер олай болмаса, онда барлық сабақтар балалардың азаптауына айналады.

Балалар әнін үйретудің ойын әдіснамасы. Дауыс интонациясы

Баламен тікелей ән айтуға көшкенге дейін оған өз дауысын есту мүмкіндігін беру керек. Осы мақсатта ойын балаларға бөлек интонацияларды ойнату қажет, мысалы, қуаныш пен қайғы-қасірет. Күнделікті өмірде бұл ноталар баланың дауысымен таныс болғандықтан, музыкаға қосылуға оңай болады, өйткені ұқсас үндеулер музыкалық ырғақтарға тән.

Сөйлеу

Баланың сөйлеуі мен дикциясымен күресу өте маңызды, өйткені ән айту кезінде дыбыстарды дұрыс және нақты ойнатуға тура келеді. Бұдан гөрі гимнастикадан гөрі жақсы көмек. Ол балаға бұлшық еттерін, тілін және еттерін жылытуға көмектеседі.

«Язычок» ойыны

Бұл балаларға арналған негізгі артикуляциялық ойын. Ойын - бұл тіл баланың ауызы бойымен «барады» және сол арқылы барлық қажетті бұлшықеттерді жылытады. Ойын барысында балаларға рифма айтылып, көшбасшы үшін барлық қозғалыстарды қайталау керек.

Мысалы:

« Сол жақта (біз тілін сол жақта итереміз),

оң (оң жақта щек)

Бір рет (сол жақта),

екі (қайтадан оң жақта).

Жоғары (жоғарғы ерінге тесіңіз).

төмен (төменгі),

Жоғарыдан төмен (жоғарғы және төменгі ерінге арналған).

Язычок, жалқау болмаңдар!

Еріндер, ояныңыз (дірілдейтін ерніңіз)!

Ротик, ашыңыз (аузыңызды өте кең ашыңыз!)

Тіл, өзінді көрсет (өзіңнің тіліңді ита),және тістерден қорықпаңыз (тіліңізді алға жылжытып, тілдің бүкіл бетіне итеріңіз).

Және тістер мен тістер

тіпті ерні (төменгі ерінді итеру).

Жырту, итеру (үстіңгі ерінді итеру)

және рұқсат бермеңіз.

Ал еріндер күлетін (күлімде жоғарғы тістерді ашамыз),
сосын қатты ренжіген (біз төменгі ерінді шығарып, жүзді қорлауды
білдіреміз).
Олар қуанышпен күледі (күлімсіреу кезінде жоғарғы тістерін ашу үшін),
сосын қайтадан қателік (төменгі ерінді шығарамыз).
Тістің шаршағаны -
олар тілін шайнай бастады (біз тілін бүйір тістермен шайнайтынбыз).
Тіл - қырыққабат жапырағы емес,
бұл мүлдем дәмді емес!
Тіс, тіс, тыныштық ,жақсы жуу (үстіңгі ерніңізге және тістеріңізге тіліңізді
жуыңыз).
Ашуланбаңыз, итмеңіз (төменгі ерін мен тістер арасындағы тілді өткіземіз),
және бізбен күледі (күлімсіреп)!

Тыныс алу

Баланың ән айтуды үйренуінің маңызды мәні - дем алу туралы мәлімдеме.
Балаға дұрыс тыныс алу ойнатылатын дыбыстың күшін қалай реттеу керектігін
білу үшін қажет. Бұл жаттығулардың көмегімен балаларға асқазанға
қаншалықты көбірек шабу керек, шамды сөндіріп, мүмкіндігінше ұзақ уақыт
жаттығады және т.б. Осындай іс-әрекеттердің арқасында өкпе үшін төменгі
бөліктер қолданылады, олар ән айту үшін қажет.

МАЗМҰНЫ

- ЖҰРҚАБАЕВА ЖАЗИРА КОПБАЙҚЫЗЫ
- ТАЖИМБЕТОВА МОЛДИР КАРАСАЕВНА
- ЖАНДАРБЕКОВА ҮМІТГҮЛ НАСІРИТДИНҚЫЗЫ
- НҰРМЫШЕВА ҚАРЛЫҒАШ СЕРІКҚЫЗЫ
- МЫҚТЫБАЕВА БОТАКӨЗ СЕРІКҚЫЗЫ
- ТӨЛЕГЕНОВА АЙГҮЛ АБДУЛЛАҚЫЗЫ
- ЕРМАХАНОВА ЖАНАТ ТОКМЫРЗАКЫЗЫ
- ҚҰРБАЕВА ГҮЛСЕЗІМ ЖАНҚАСЫМҚЫЗЫ
- КАРСАКОВА АЙЗАТ УРУСТЕМОВНА
- АРАЛБАЕВ ДАРХАН САБИТОВИЧ
- РУЗИЕВА КАЛИЯ АЛЕШЕВНА
- ШЫҢҒЫС АҚЕРКЕ АМАНТАЙҚЫЗЫ
- ЕЛУБАЕВ АҚЫЛЖАН ЖАҢАБАЙҰЛЫ